Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Зайсан ауданы бойынша білім бөлімі
«Ю.Гагарин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# 2023-2024 оқу жылындағы өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша анықтама

Зайсан қаласы
Боқажанов көшесі 64
Телефон 87234030083
Эл.почта :school_1gagarin@mail.ru

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, педагогикалық кеңестің шешімі 2024 жылғы 29 наурыздағы №4 хаттама  және "Мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы" мектеп бойынша 2024 жылғы 3 маусымдағы № 131 бұйрығы негізінде "Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын өткізу" бойынша мектептің өзін-өзі бағалауы өткізілді. Нәтижелері бойынша талдамалық анықтама жасалды. Мектептің өзін-өзі бағалауын комиссия келесі құрамда өткізді:

1.Аманбаева Гулжанат Мержакуповна –мектеп директоры, мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы Комиссия мүшелері:

2.Кубикенова Айгуль Аукешовна – мектеп директорынының оқу ісі жөнінен орынбасары

3.Ахметжанова Гулназ Қаматаевна-мектеп директорының оқу ісі жөнінен орынбасары

4.Дауылбаева Шынар Қадылбековна-мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары

5.Қабашова Айтолқын Асқатқызы –педагог психолог

6. Ихабатова Гулнур Меделханқызы- әлеуметтік педагог

7. Оралбекова Бекзат-тәлімгер

I. Білім беру мекемесі туралы жалпы сипаттама
1. Білім беру ұйымының толық атауы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Зайсан ауданы бойынша білім бөлімі «Ю.Гагарин атындағы орта мектебі "коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы): Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласы, Боқажанов көшесі 64,
3. Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, webсайт): Тел-факс: ( 87234)-30-0-83 Электрондық мекен-жайы: **school_1gagarin@mail.ru** Мектептің веб.сайты:......edu.kz Instagram: гагарин_om Facebook: Ю.Гагарин орта мектебі

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректер:
Аманбаева Гулжанат Мержакуповна
1. 24.05.2017 жылғы №25 бұйрық.
2.05.01.2021 жылғы №30 бұйрық Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі ( қосымша)
4. Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 990740002075 анықтама.(қосымша) Мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі(қосымша)
5. "Ю.Гагарин атындағы орта мектебі" КММ Жарғысы Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы"ММ 08.11.2021жылғы№П-559-(к) бұйрығымен бекітілген. Жарғының көшірмесі қоса беріледі.(қосымша)
6. Рұқсат беру құжаттары: 29.01.2021 жылғы № KZ19LAA00020811 лицензиясы Лицензияның көшірмесі қоса беріледі ( қосымша)

**12.1 білім беру ұйымының басшысы бекіткен жұмыс оқу жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі**
2023 - 2024 оқу жылында «Ю.Гагарин орта мектебі» КММ контингент 1-11 сыныпта 24 сынып жиынтығында – 512 оқушы, ал мектепалды сыныбы бойынша 2 сынып жиынтықта – 40 білім алушы оқыды. 2023-2024 оқу жылында «Ю.Гагарин атындағы орта мектебі» КММ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспарын жасады. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім

берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР ОА министрінің 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығымен 1-4 кластар үшін; ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығымен 5-9,10,11 кластар үшін) енгізілген өзгерістермен педагогикалық кеңесте қарастырылып жұмыс оқу жоспары әзірленді. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен толықтырулар); «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022ж. № 394 бұйрығымен (3- қосымша) енгізілген өзгерістермен толықтырулар); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер,таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. №467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарынының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы; ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары; «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы; Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылған (2023 жылғы 25 сәуірдегі №3 хаттама).

Жұмыс оқу жоспарының негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды» орындау және жүзеге асыру.
Бастауыш сыныптарда білім берудің мақсаты – оқушылардың тұлға болып қалыптасуы мен дамуына қолайлы орта мен кеңістік құру, төмендегідей қабілеттерін шыңдау: 1) Функционалдық және шығармашылық білімдерін қолдана білу; 2) Сыни ойлау; 3) Зерттеу жұмыстарын жүргізу;
4) Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану; 5) Түрлі коммуникациялық әдістерді, оның ішінде шапшаң ойлау, қимылдау дағдыларын қолдану; 6) Жеке және топта жұмыс жасай білу. Оқу жоспарының мазмұны келесідей міндеттерден тұрады: • әр оқушыны базалық біліммен қамтамасыз ету; • жекелеме пәндерді ықпалдасыру; • оқушылармен жеке қатынастарды жүзеге асыру; • оқушылардың шығармашылық тұрғыдан ілгерілеуіне ықпал ету
2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында бастауыш білім беру Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш,негізгі орта,жалпы орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығы (23.09.2022ж №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» (1-қосымшасы ҚР Оқу министрінің 03.07.2023ж ,№194 бұйрығымен жаңа редакцияда),Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып,жүзеге асырылды.
(ПДФ1) Оқу жоспары

**Негізгі орта білім беру:**

Негізгі орта буын сыныптарында білім берудің мақсаты – оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуы мен дамуына қолайлы орта мен кеңістік құру, төмендегідей қабілеттерін шыңдау:
1) Функционалдық сауаттылықтарын, шығармашылық білімдерін шыңдау;
2) Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
3) Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу;
4) Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар жетістіктерін тиімді қолдану;
5) Ақпараттар ағынын ұтымды игеруге баулу;

6) Жеке тапсырмаларды сапалы орындау, топта нәтижелі жұмысау қабілеттерін арттыру.
Оқу жоспарының мазмұны келесідей міндеттерден тұрады:
• оқушыларды негізгі біліммен қамтамасыз ету;
• жекелеме пәндердің білім мазмұнын тереңдету;
• тілдік, экономикалық, экологиялық білімдерін арттыру;
• оқушылардың ғылыми-зерттеулермен айналысуына ықпал ету, шығармашылық ізденіске бағыттау.
2023-2024 оқу жылында негізгі орта  білім беруге арналған пәндерді оқыту кезінде Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш,негізгі орта,жалпы орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығы (23.09.2022ж №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» (6-қосымшасы ҚР Оқу министрінің 03.07.2023ж ,№194 бұйрығымен жаңа редакцияда),Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»  әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды (ПДФ2)Оқу жоспары

**Жалпы орта білім беру**: 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында жалпы орта  білім беруге арналған пәндерді оқытуда Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш,негізгі орта,жалпы орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығы (23.09.2022ж №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» (86-қосымшасы ҚР Оқу министрінің 03.07.2023ж ,№194 бұйрығымен жаңа редакцияда),Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»  әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды

Жалпы орта білім беру  бойынша:
Жоғары сыныптарда білім берудің мақсаты – оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуы мен дамуына қолайлы орта мен кеңістік құру, төмендегідей қабілеттерін ашу:
6) функционалдық сауаттылықтарын, шығармашылық білімдерін;
7) сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
8) ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу;
9) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жетістіктерін тиімді қолдану;
10) ақпараттар ағынын ұтымды игеруге баулу;
Оқу жоспарының мазмұны келесідей міндеттерден тұрады:
• жаңа білімдер мазмұнын оқушыларға қолжетімді ету;
• жекелеме пәндерден білімдерін тереңдету;
• тілдік, қаржылық, ақпараттық, кәсіптік білімдерін арттыру;
• кәсіптік бағдар беру, мамандыққа баулу;
• ғылыми-зерттеу жұмыстарына жол ашу, шығармашылық ізденіске бағыттау.

ПДФ9 Оқу жоспары

Жалпы орта білім берудің инвариантты компоненті толықтай жүзеге асырылды және 2023- 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылыми негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген келесідей нұсқауда жүргізіледі: 10 «а» -сыныбы жаратылыстану-математика бағыты бойынша : Жаһандық құзіреттілік -1 сағат; Элективті курстар: 1) «Экологиялық этика» -1 сағат; 2) «Алаш идеясы және Алаш қозғалысы» -1 сағат; 11 «а» -класта жаратылыстану-математика бағыты бойынша : 1) Жаһандық құзіреттілік бойынша: «Кәсіпкерлік бизнес негіздері» -1 сағат; Элективті курстар: 1) «Химиялық элементтер мен қосылыстар» -1 сағат;  2) «Физикадан қиындығы жоғары есептер»-1сағат

**2023-2024 оқу жылдарында сабақ кестелеріне қойылатын талаптардың жүзеге асырылуы.**

Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадрлық ресурстарын ескерді. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілік динамикасын ескере отырып «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жыл 5 тамыздағы №76 бұйрығының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалана отырып, жұмыс жоспары негізінде сабақ кестесі құрылған.

2023-2024 оқу жылының сабақ кестелері жасалып, бекітілген. Кестеде апатада өтілетін пәннің реті, атауы,сыныбы, пән мұғалімі көрсетілген. Сабақ

кестесінде мектеп оқушыларының тамақтануын ұйымдастыру, сыныптарда тазалық жұмыстарын жүргізу үшін 10 минуттан екі үзіліс қарастырылған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу бағдарламасы бойынша пәндер сабақ кестесінде қамтылған.
Электронды күнделік жүйесіне бекітілген ретпен жүктелген.
ПДФ Сабақ кестесі
12.2 Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру
Бағаланатын кезеңдегі педагогтердің күнтізбелік- тақырыптық жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына сай құрылған. Күнтізбелік тақырыптық-жоспарлардың орындалуы kundelik.kz электронды журналы арқылы қаралды.
**Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.**
2023-2024 оқу жылында оқу пәндерінің базалық мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен және №348 бұйрықпен бекітілген Жалпы
орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Дене шынықтыру», «Технология және өнер» білім беру салалары бойынша іске асырылды. Оқыту тек ғылым негіздерін игеруге ғана емес, сонымен бірге оқушылардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін руханилықтың, әлеуметтік және мәдени тәжірибенің одан әрі дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.
Оқу пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына сай оқу пәндерінің базалық мазмұнының ҮМЖ, ОМЖ, ҚМЖ жоспарлары жасалды. Оқыту бағдарламалары, оқу-әдістемелік әдебиеттер, тақырыптық жоспарлаулар базалық оқу жоспарына сәйкес. Мұғалімдердің тақырыптық-күнтізбелік жоспарлары пән бірлестіктердің отырысында қаралып, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының келісімен, мектеп директоры бекітеді.
12.3 Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субьективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру Мектепте үздіксіз жұмыс процесін басқарудың барлық тетіктерін қамтитын оқытудың кешенді бағдарламасы бар. Мектептің тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде оқушылардың жас, дене және зияткерлік мүмкіндіктері ескеріледі. Мектептегі тәрбие жұмысы білім беру мазмұны, сыныптан тыс және мектептен тыс педагогикалық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты біздің мектепте сыныпта да, мектепте де тәрбие қызметін сауатты жоспарлауды және ұйымдастыруды көздейтін тәрбие

жүйесі бар. Мектептегі тәрбие жұмысы негізінен оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін, қосымша білім беруді, оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытуды, отбасын педагогикалық процеске қосуды қамтиды. Бұл өзара іс - қимылдың мақсаты-жауапкершілік тәжірибесін үлкендерден кішіге беру, баланың ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастығы түрінде тұлғаны әлеуметтендіру негізін құру.Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады. Тәрбиенің мақсаты: Тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізу арқылы,оқушы бойына патриотизмді,азаматтық сананы, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыра отырып,салауатты өмір салтын тәрбиелеу, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамытуға, оқушылардың жеке басын өзін-өзі анықтауға, олардың қоғамда сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау. Тәрбиенің өзекті мәселесі: Тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізу арқылы,оқушы бойына патриотизмді,азаматтық сананы, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыра отырып,салауатты өмір салтын тәрбиелеу. Мақсат-міндеті: - тәрбиенің педагогикалық және психологиялық негіздеріне сүйене отырып, класс жетекшілердің теориялық,ғылыми - әдістемелік,практикалық білім деңгейін көтеру; - озық іс - тәжірибелерді анықтау,жинақтау,тарату; - сынып ұжымымен және жекелеген оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысын

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы мектептің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, тұжырымдамалық негіздеріне үш құндылық негізінде жұмыс  жүргізілді. Олар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап. Тәрбие мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері

1. Ата-ананың өсиеттерін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан,намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстауға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұрағаұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Ұлттық мүддеге, талап, ар-ұятқа тәрбиелеу -** мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыты, ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемелекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемелекетшілдікке тәрбиелеу.
Биылғы оқу жылын «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиынмен басталды.
https://www.instagram.com/p/Cwpj7k3r1Oj/?igsh=bWdlbnI1d2Q1am50
2017 жылы премьер министр Б.Сағынтаев Тілдер күнін 5-қыркүйек деп бекіткен еді. Сол күні тіл білімінің атасы А. Байтұрсынов өмір есігін ашқан күн. Мерекелік датаның сол күнге ауыстырылуы ұлт зиялылырының еңбегіне жасалған құрмет екенін оқушылардың бойына сіңіру.
https://www.instagram.com/p/CwznQsnrkHi/?igsh=cXRxMGJybXZqNzN5
Алаш қайраткері, ақын, публицист Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына орай өмірі мен шығармашылығы насихатталды. «Тіл – достықтың алтын көпірі», «Поэзия великих поэтов» атты мерекелік шаралар өтті. Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл толуына орай іс-шаралар өтті. Дебат клубының жұмысы да ұлттық мүддеге тәрбиелеуге арналған «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы», «Кітап оқыған жақсы ма әлде кино көрген дұрыс па?», «Оқушы мектеп формасын кию керек пе?» тақырыптарында қызықты пікірталастар өтті. Іс-шараларды өткізуде оқушыларды жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулуға тәрбиелеу.

Мемлекет басшысының мектеп оқушыларының толық қатысуын қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау мақсатында оқу жылының басына дайындық кезінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу үшін жыл сайынғы "Мектепке жол"акциясы өткізілді. "Мектепке жол", «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясының мақсаты-аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан балаларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға материалдық көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке бармаудың алдын алу.

2013 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстанда алғаш рет Отбасы күні атап өтілді.
https://www.instagram.com/reel/CxMetlCoCbp/?igsh=MXB6dGhrNXYzamxycw==

Содан бері бұл күн дәстүрге айналды Отанға деген сүйіспеншілік отбасына деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған шаңырақтың астында алған тәрбие-бүкіл халқымыздың салауатты және табысты болашағының кепілі. Әр адамның өз үйі бар. "Әке үйі", "отбасы" сөздері өмірдің алғашқы күндерінен бастап біздің санамызға енеді. Отбасы - бұл үлкен сыйлық. "Үйде бақытты адам бақытты". Отбасы күні аясында 1-4 сыныптарда "Ана мен мен – ең жақсы достар" атты дөңгелек үстел өткізді,оның барысында қыздары аналарының көмегімен "отбасылық құндылықтар", "Отбасы-негіздердің

негізі". Туған адамдар арасында "Ана мамандығы" туралы, атап айтқанда и балаларымен қарым-қатынас кезінде туындайтын қиындықтар туралы ашық диалог болды.

Ұлағатты ұстаздарды «Ұстаздар күнімен» құттықтау мақсатында 3-11 сынып оқушылары арасында «Ұстаз ұлы тұлға» тақырыбында қабырға газеттері шығарылды, 5-11 сынып оқушылары «Ұстаз ұлағаты» бейнероликтер сайысына белсенді қатысты.
https://www.instagram.com/reel/CxrnODOojxj/?igsh=d3I1cm1zMHZ2emNz

Әр сыныптың құттықтау видеороликтері әлеуметтік желілерге жарияланды. Мұғалімдер күніне орай 5-11 сыныптарда "Дублер күні" өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/CyDavlBr4nE/?igsh=OTk1aGc4N2plbXUy
Мектептің өзін-өзі басқару фракциясының мүшелері мұғалімдерге арналған "Ұстаз-ұлағатты ұлы есім" атты мерекелік концерт ұйымдастырды.
https://www.instagram.com/p/CyA-MRnLidr/?igsh=ZHZicHd2ODJvMzk5
https://www.instagram.com/p/CyA_9t4rYb5/?igsh=MzdmNWdicTlrejE0

Қарттар күні мерекесі қарсаңында мөлтекаудандағы ардагер қарттарды құттықтады.
https://www.instagram.com/p/Cx0DyzProri/?igsh=MTA1ZWhoZHV5ZXhubg==
Сонымен қатар, оқушылар «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында бейнероликтер дайындап, мектептің ресми парақшаларына жүктелді.Алғыс айту күнін мерекелеу аясында Мектеп парламенті концерт қойды.
Кейбір жағдайларда жасөспірімдер арасында немқұрайлылық, бір-біріне төзбеушілік, қоғамдық орындарда өзін ұстай алмау, меншікке, мектеп мүлкіне ұқыпты қарамау алаңдатады. Осыған байланысты тәрбие жұмысының жоспарына әр түрлі іс-шаралар (диспуттар, сынып сағаттары, әңгімелесулер және т.б.) енгізілді. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін анықтауға, оларды сабақтан тыс түрлі шығармашылық жұмыстарға тартуға ерекше көңіл бөлінді.

Мектепте оқу жылы барысында оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға құқықтық насихат жұмыстары мақсатты түрде жүргізілді. Құқықтық бағыттың мақсаты – жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алу, сонымен қатар мектеп оқушыларының азаматтық белсенділігін тәрбиелеу және мектеп оқушыларының жеке тұлғасын дамыту. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу және алдын алу мақсатында оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыру аясында
- оқушылардың бос уақытын жұмыспен қамту, түрлі шығармашылық іс-әрекеттері ұйымдастырылды;
- ата-аналармен жұмыс жүргізілді: ата-аналар жиналысы, үйге бару және т.б.;
- кешкі уақытта жастардың көп жиналатын орындарында ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22.00-ден кейін болу режимін бұзбау мақсатында рейдтік іс-шаралар жүргізілді.
Мектепте мектепішілік профилактикалық жұмысы ұйымдастырылды.
Профилактикалық жұмыстың негізгі міндеттері:

- кәмелетке толмағандардың мәселелерін шешуде әлеуметтік-педагогикалық және басқа құрылымдардың өзара әрекетін ұйымдастыру;
- кәмелетке толмағандардың шығармашылық қабілетін ашуға және өмірлік өзін-өзі анықтауына жағдай жасау;
- білім беру ұйымындағы балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне мақсатты педагогикалық, психологиялық, құқықтық әсер етуді қамтамасыз ету.

Жыл бойы оқушылармен және отбасылармен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді: қолайсыз, проблемалы отбасылар анықталды, осы отбасыларға, балаларға арналған картотека жүргізілді, тұрғын үйлеріне барды, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар актілерін жасады, ішімдікке әуестенген ата-аналармен жұмыс жүргізілді.

"Оқушының ережелері мен міндеттері" қыздар, ұлдар жиналысы өткізілді. Мектеп оқушыларымен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында іс-шаралар өткізілді: АПВ ювеналды полиция тобының инспекторы полиция лейтенанты А.Сабырбаева кездесу өткізді. 8-11 сынып оқушыларына "Ерте жүктіліктің алдын алу"тақырыбында мектеп медбикесі дәріс өткізді.
https://www.instagram.com/p/C0T3HKIIV5s/?igsh=MXdlOHl2eG05bWY5dQ==

Сынып жетекшілері "Қауіпсіздік ережелері: мектепте, үйде, көшеде, аулада, судың жанында, жолда, көлікте", "Абайлаңыз: су тасқыны!", "Абайлаңыз: Кенелер!", "Абайлаңыз пиротехника" және т. б. тақырыптық сынып сағаттарын өткізді. 1- наурыз күні және айына бір рет объектіде террористік акт қаупі туындаған жағдайда қызметкерлер мен оқушыларды эвакуациялау бойынша оқу-жаттығу сабақтары өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/C0iULwtIY0W/?igsh=NmljenVocXk5OWg2

Іс-шараның мақсаты: оқушылардың күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық, сондай-ақ төтенше жағдайлар қаупі мен туындауы бойынша алған қосымша білімдерін бекіту. Оқу-жаттығу барысында мектеп ғимаратында іс жүзінде құлақтандыру, "Баршаның назарына!" дыбыстық дабылды қосу - азаматтық қорғаныс сигналы техникалық персонал мен күзет қызметкерлерінің эвакуациялық шығу жолдарын ашу, алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жұмыс істеу. Балалар мен жасөспірімдерді жол қозғалысы ережелеріне үйрету жол-көлік ортасы жағдайында жеке қауіпсіздігі мен айналасындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті тәртіпті қатысушыны дайындауға арналған жолда жүру ережелері сабақтарын ұйымдастырудың негізгі мақсаты-теориялық білім алу және көше мен жолдарда тұрақты практикалық дағдылар мен қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Аудандық «Жас сақшылар» жиынына қатысты. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда қызмет еткен ардагерлеріміздің де еңбегі ерен. Солардың біразы қазір ортамызда. Ұлы Жеңіс күні қарсаңында мектеп мұғалімдері тыл ардагерлері Батханова Ғалия апамызды құттықтады.
https://www.instagram.com/p/C6olSUlo6PO/?igsh=MTJ5M2hmbjZibWRl

ҰОС Жеңіс күніне және Отан қорғаушылар күніне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді: "Ешкім ұмытылмайды, ештеңе ұмытылмайды" тақырыбында

сынып сағаттары, 1-4 сынып оқушылары арасында суреттер көрмесі, әскери тақырыптағы фильмдер көрсетілді және талқыланды. Тәрбие сағаттарының мақсаты: Ұлы Жеңісті дәріптеу, оқушылардың өз Отанына,туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, елін қорғай білуге тәрбиелеу.
https://www.instagram.com/p/C6p7hw3oNnl/?igsh=dzk1OHFtcDA3dWJy
Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен атабабамыздың ерлік ісін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі тұту. Жас ұрпақты бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға , ерлікке, адал да батыл болуға тәрбиелеу. Ескерткіштерге гүл шоқтары қойылды.
Патриоттық тәрбиеде Мемлекеттік рәміздер ерекше орын алады. ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және дұрыс қолдану мақсатында мектепте белгілі бір жұмыстар жүргізілуде. Мектептің ресми іс-шараларында оқушылар әнұранды орындайды. Мектепте "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын міндетті түрде орнату, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын орналастыру қамтамасыз етілген. Мектептің екінші қабат фойесінде "Мемлекеттік рәміздер" тақырыптық стенд жаңартылды. ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне орай 1-4 сынып оқушылары арасында "Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш" атты сынып сағаттары , 8-10 сыныптар аудандық шараға қатысты.
Мазмұны бойынша барлық іс-шаралар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болды: сыныптарда "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" сынып сағаттары өткізілді, «Бақытты балалық шақ» тақырыбында видеороликтер жасалды. "Сыбайлас жемқорлықсыз ел – гүлденген ел" танымдық сағаты, "Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын" суреттер байқауы, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!" тақырыбында дебат өткізілді.

Тәуелсіздік мерекесі күніне орай мектебімізде Желтоқсан оқиғасының куәгерлерімен кездесіп, «Желтоқсан оқиғасының құрбандары» атты сынып сағаттары өтті.

21.05 күні ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналармен оқушылардың жазғы демалысы бойынша түсінік жұмыстары жүргізіліп, суға түсу, улы жәндіктерден абай болу, түрлі апаттардан сақ болу, қауіпсіздік ережелері негізінде сыныптармен тәрбие сағаттары өткізіліп, жаднамалар таратылды. Әлеуметтік желілерге салынды. Іс-шараларға сараптымы жасалып, қорытынды шығарылды.
https://www.instagram.com/p/C7N37gao7bc/?igsh=MXRyNWx3bmV4cjU0dg==

Адамгершілік құндылықтар жүйесінің қалыптасуы кітап оқу процесінде жүреді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында " Отбасымызбен оқимыз". «Бірге оқимыз» іс-шаралары өткізілді, сынып сағаттарында «20 минут кітап оқимыз» жобасы жүргізілді.
https://www.instagram.com/reel/C2uysJtorne/?igsh=MWtqdnU3ZjI5aHd2bA==

Оқуға деген қызығушылықты арттыру мақсатында "Буккроссинг-кітап алмасу" күні өткізілді. Үлкен үзілістерде оқушыларымен "Кітапханалық жұмбақ", "Өзің оқы да, өзгеге сыйла" танымдық іс-шаралары өтті. Жыл бойы

тақырыптық кітап көрмелері өткізілді. Мектеп кітапханашысы З.Д.Мырамытованың ұйымдастыруымен мектепішілік «READX» жобасы өтті.
https://www.instagram.com/reel/C3E2534IKhV/?igsh=aDduOWkyd3VvdG13
Дәліздің қабырғасында электронды кітаптардың кодтары тұр. Қызыққан оқушының кітап оқуы үшін мүмкіндіктер толық қарастырылған. Соңғы қоңырау мерекесіне 20 жылдық түлектеріміз келіп, алтын ұя мектебіне демеушілік көрсетіп қақпа қойып берді.
https://www.instagram.com/p/C7GzzihK4rQ/?igsh=MTZudW1nNGQ2dHEyMg==

Қардың қалың түсуіне байланысты мөлтекауданымыздың карттары да назардан тыс қалмады. Парламент ұйымындағы «Қамқорлық және еріктілер» фракция мүшелері жақсы жұмыс істеді. Мектебіміздің де ауласын қардан тазалады. «Тимуршылар» сөзбен емес, ісімен көрінеді. Мемлекеттің болашағы жастардың қолында. Мектеп Парламенті өзін-өзі басқару ұйымының «Еріктілер тобы» зейнеткер Қашағанова Майра апамыздың үйіне барып, ауласын қардан тазартып, қолғабыс көрсетіп қайтты.

Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар аясында "Наурыз-думан" сынып сағаттары өтті. Барлық сыныптарда" Қош келдің, Әз Наурыз" мерекелік іс-шаралары өткізілді,"
https://www.instagram.com/reel/C4tPfOWLJE7/?igsh=MWxlcHk4c2Ewdjdlbg==
«Атадан қалған ұлы мұра" қойылымдары, "Наурыз-Ұлыстың ұлы күні" суреттер байқауы ұйымдастырылды. Сыныптарда арқан тарту, асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ бойынша ұлттық ойындар өткізді.
5-11 сыныптарда "Бүгінгі күннің талабы ұрпақтың келешегі" тақырыбында сынып сағаттары өтті. Зиянды әдеттерге "Жоқ дейміз" атты акциялар жүргізілді. "Өз әрекеттеріңді бақыла!" тақырыбында әр сыныпта, 5-7, 8-11 топтарында танымдық кеңестер, келелі мәселелер қаралды. Қыздар, ұлдар топтарының ұйымдастыруымен Этика, Эстетика, Тамақтану тағылымдары "Сән әлемі" тақырыбында танымдық кеңес ұйымдастырылып, сынып, топтар арасында әңгіме-кеңес жүргізіліп тұрды. Ата-аналармен жұмыс тұрақты жүргізілді, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, отбасы мүшелеріне құрмет көрсету, толыққанды отбасы құру үшін денсаулық құндылықтары, отбасылық дәстүрлер, жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарға ұқыпты қарау, адалдық, аналық қасиеттілік; махаббат, адалдық, достық құндылықтары.
Әр сыныпта ата-аналар комитеті жұмыс істейді, оның мүшелері ұйымдастыру мәселелері бойынша сынып жетекшісіне көмек көрсетеді. Жалпы мектептік ата-аналар комитеті жұмыс істейді. Жалпы мектептік қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Мажыраева Альмира. Қамқоршылық кеңесі нормативтік-құқықтық базадағы, білім беру жүйесіндегі әдістемелік ұсынымдармен және өзгерістермен танысу; мектеп жарғысымен танысу. Оқу-тәрбие процесінің сапасын жақсартуға жәрдем көрсету. Оқушылардың құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін талқылау. Іс-шараларды өткізуді ұйымдастыруға жәрдемдесу. Аз қамтылған отбасылардан шыққан

оқушыларды кеңсемен және киіммен қамтамасыз ету қорытындысы туралы "қамқорлық"акциясына қатысу. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға сыйлықтар жинауды ұйымдастыруға көмек көрсету. Оқушылар арасында салауатты өмір салты мен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс.Қ амқоршылық кеңестің отырыстары тоқсанына бір рет өткізіледі, оларға қаржы салымдарының перспективалары қаралады, бұл хаттамада міндетті түрде тіркеледі. Шұғыл мәселелер туындаған кезде Кеңес жоспардан тыс жиналады. Қамқоршылық кеңес пен мектеп әкімшілігі жұмыс істеген уақыт ішінде ынтымақтастық қатынастарын қалыптастыруға қол жеткізілді, бұл, әрине, бірлескен қызмет үшін қолайлы негіз болып табылады. Мектеп әкімшілігі әрдайым шақырылады және қамқоршылық кеңесінің отырыстарына қатысады.

Мектептегі ата – аналар жиналыстарынан басқа, пән мұғалімдері, мектеп әкімшілігі, психологтар, әлеуметтік педагог ата-аналарға жеке кеңес береді. Ата-аналар сынып жетекшілеріне сыныптардағы іс-шараларды ұйымдастыруға, сонымен қатар балаларына мектепішілік, қалалық байқауларға дайындалуға көмектеседі.Тәрбие мен оқыту ісінде отбасы мен мектептің байланысын нығайту, жалпы білім беру мекемесінің жұмыс істеуі мен дамуына ықпал ететін табысты отбасылардың тәжірибесін жинақтау және тарату, қолайсыз отбасылармен профилактикалық жұмысты жоспарлауға және ұйымдастыруға жәрдемдесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілік деңгейін арттыру мақсатында мектепте әкелер мен аналар кеңесі құрылды. Жұмыс жоспары жасалды, ережелер мен Кеңес мүшелерінің тізімі бекітілді.

Бейнероликтер мектептің ресми Instagram, Facebook парақшаларында жарияланды. Биылғы оқу жылының ерекшелігі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмыс жасады. Әр аптаның сейсенбі күні жиналыс, тренингтер, дөңгелек столдар өткізілді.
https://www.instagram.com/p/C35Yng4odhl/?igsh=MTQ4OTk5ZGJ5MWFyMA==

«Даналық мектебі» де жұмыс жасап, нәтижесін облыстық семинарда көрсетті.
https://www.instagram.com/reel/C542nxDI7gV/?igsh=MXZpZGRuYXh4NnZneA==

Мамандық таңдау - бұл күрделі және ұзақ процесс. Ол кәсіби өзін-өзі анықтау бойынша жеке тұлғаның қызметін жандандыруға бағытталған кәсіби бағдарлау жұмысының әсерінен жүзеге асырылады.

Сондықтан оқу жылы ішінде мектеп педагогтары оқушыларды кәсіптік бағдарлау бойынша келесі міндеттермен жұмыс істеді:

* қабілеттерін, қызығушылықтарын, интеллектуалды және жеке ерекшеліктерін зерттеу;
* мамандық таңдаудың, мансапты жоспарлаудың негізгі принциптерімен танысу;
* қазіргі еңбек нарығының ерекшеліктерімен танысу;

* өз мүмкіндіктерін таңдалған кәсіптердің талаптарымен салыстыруға көмектесу; кәсіптік кеңес беру, оқушыларға еңбек қызметінің нақты түрлеріне қатысты өз қабілеттері мен қасиеттерін бағалауға көмектесу;
* кәсіби мақсаттарға жетудегі қиындықтарды түсінуге және оларды жеңудің жолдарын табуға көмектесу;
* өз тілектеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді білу;
* кәсіби ниетті қалыптастыру және оны іске асыруға көмек көрсету; мектеп түлектерінің кәсіптік оқу орындарында және өндірісте бейімделуін талдау, барлық кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін зерттеу.
Оқушыларды кәсіптік бағдарлау жұмысы жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді:
- Оқушылардың белгілі бір қызмет түріне бейімділігін диагностикалау;
- Кәсіптік бағдар бойынша ата-аналар жиналысын өткізу, мамандықтар әлемі туралы түсініктерді кеңейту;
- Сынып сағаттары және сыныптан тыс жұмыстар ;
- Психологиялық тренингтер және бітіруші сыныптарды тестілеу.
Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мақсатында білім алушыларға интернет-кеңістікте өзін-өзі ұстау мәдениетін сіңіру маңызды. Интернет-бұл жаңа білімнің тамаша көзі, оқуға көмектеседі. Бірақ сонымен бірге желі көптеген қауіптерге толы. Кибербулингтің алдын алу мақсатында педагог - психологтар ата-аналарға "Интернеттегі баланың қауіпсіздігі" тақырыбында ұсыныстар берді.

Мектептің психологы А.А.Қабашова "Кибербуллингтің алдын алу" психологиялық-педагогикалық зерттеуін ұйымдастырды.
Іс- шараның басты мақсаты-оқушылардың, ата-аналар мен мұғалімдердің назарын осы мәселеге аудару, балалар мен жасөспірімдерде буллингке қарсы сана мен ойлауды қалыптастыру.

Оқушылардың қызығушылықтары бойынша шығармашылық ұжымдарға қатысуы әр балаға өзін басқа, оқу емес қызмет салаларында жүзеге асыруға, бір жерде табысқа жетуге және осы негізде құрдастарының, мұғалімдердің, ата-аналардың алдында өзінің өзін-өзі бағалауы мен мәртебесін арттыруға мүмкіндік береді. Сабақтан тыс уақытта оқушылардың жұмыспен қамтылуы өзін-өзі тәрбиелеуді, өзін-өзі ұйымдастыруды, өз уақытын жоспарлау қабілетін нығайтуға ықпал етеді. Балалардың мектепте үнемі өткізілетін мерекелерге, спорт жарыстарына қатысуы оларды мектеп дәстүрлерінің пайда болу процесіне, "өз" мектебінің корпоративтік рухын қалыптастыруға, оған деген мақтаныш сезіміне баулиды. Аудандық «Dancing stars» би сайысы бойынша оқушыларымыз қанжығаларына ІІІ орынды байлады. https://www.instagram.com/p/C0E-Ns9LY6u/?igsh=MWJlNDNwc3gzdmJ4NA==
Барлық жалпымектептік істер, мерекелер, байқаулар, ойындар тиісті деңгейде өткізілді. Бізде дәстүрлі мерекелер өтеді:
- Білім күні
-Мұғалімдер күні мен Қарттар күніне арналған концерттер

- Күзгі доп
- Тәуелсіздік Күні
- Жаңа жылдық мерекелер
- 8 наурыз
- Наурыз Мейрамы
- Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні
- 9 мамыр – Жеңіс күні
- Соңғы қоңырау
- Бітіру кеші т.б.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияионалды тұрақтылыққа баулу, зиянды заттарды қолданудың алдын алу; ЖРВИ және тұмаудың алдын алу; туберкулездің алдын алу; балалар жарақатының алдын алу; рационалды тамақтану; жарақаттанудың алдын алу; темекі шегудің алдын алу. «Кемел келешектің көшбасшысы» тақырыбында мектеп Парламентінің он күндігі аясында дебат ойындары, «Спорт LIFE» атты эстафеталық спорттық ойын, «Құқықтық сауаттылық заман талабы» тақырыбында Сабырбаева Айдана Серікқызымен кездесу, «Мен - көмекші» акциясы өтті.
https://www.instagram.com/reel/C6d6n3cIQkH/?igsh=cHljNTZlajZhNXFt
https://www.instagram.com/reel/C6d6BBlIlIC/?igsh=MWpnaWhncDMwcWF3eQ
==
Жыл сайын біздің мектепте оқушылардың жазғы демалыс және сауықтыру лагерін ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізіледі. «Балдәурен» жазғы сауықтыру алаңында аз қамтылған және көп балалы отбасынан 87 бала сауықтырылды. «Бәйтерек» сауықтыру орталығында аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан 12 бала демалды.
https://www.instagram.com/reel/C7oIOUzo0WD/?igsh=MWZyN2Q5ZWxydjJteQ
==
Оқу жылы бойы мектепте "Қазақстанның Құзыретті азаматын дамыту және тәрбиелеу үшін оңтайлы педагогикалық жағдай жасау" тақырыбы бойынша сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істеді. Мақсаты: тәрбие жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыру, сынып жетекшілерінің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру арқылы мектепте тәрбие нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Міндеттері:

* Жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін жетілдіру мәселелері бойынша сынып жетекшілерін даярлаудың теориялық, ғылыми-әдістемелік деңгейін арттыру.
* Сынып жетекшілерінің педагогикалық тәжірибесін зерттеу, жинақтау және тәжірибеде қолдану.
* Тәрбие жұмысы жүйесіне Денсаулық сақтау технологияларын енгізу бойынша бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету.

* Әр оқушының шығармашылық тұлғасын оның қабілеттеріне, мүдделеріне, мүмкіндіктеріне, сондай-ақ қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес әр түрлі қызмет түрлерінде дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
* Кәсіпкерлік, Тәуелсіздік, тиімділік, жауапкершілік, азаматтық, бастамашылық, адалдық пен әдептілікке ұмтылу сияқты жеке қасиеттерді дамыту.
* Жоғары дамыған рухани-адамгершілік тұлғаны тәрбиелеуге ықпал ету.
* Сынып жетекшілерін заманауи тәрбие технологияларымен және дарынды балалармен жұмыс жасаудың заманауи түрлерін білумен қаруландыру.
Жыл ішінде 5 отырыс өткізілді:
№ 1 отырыс. 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысын талдау. 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру. Тәрбие жұмысын бір жылға жоспарлау.
№ 2 отырыс.Тәрбие жұмысында инновациялық технологияларды қолдану. Сынып жұмысын қалай қызықты және мазмұнды етуге болады? Сынып жетекшілеріне құқық бұзушылықтың алдын алу психологиялық сүйемелдеу бойынша ұсынымдар.
№ 3 отырыс. Дене шынықтыру-спорттық іс-шаралар салауатты өмір салтын қалыптастыру құралы ретінде. Оқушылардың зиянды әдеттерінің алдын алу (сынып жетекшілерінің жұмыс тәжірибесінен).
№ 4 отырыс. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын талдау.
№ 5 отырыс. Оқу жылындағы тәрбие жұмысын талдау. Жазғы сауықтыру лагерьлерінің жұмысына дайындық.

## 2023-2024 оқу жылы. Психолог есебі

Қыркүйек айында оқушыларды мектепке қабылдап алу, жазғы демалыстан кейінгі көңіл күйлерін бақылау жұмыстары жүргізілді.
ДТІЖО мен сынып жетекшілермен бірлесіп мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы толтырылды.
1ші және 5-сынып оқушыларының бейімделуі бойынша кеңес беру, бақылау жұмысы іске асырылды. 1-сынып оқушыларынан,баланың мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн-Ийрасектің тесті алынды.
Бірінші сынып ата-аналарына психологиялық көмек беру мақсатында “Өз балаңа үлгі бол” тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.
Мектепішілік қолайсыз отбасы есебінде тұрған оқушылардың деректер базасы құрылды.
Қазан айында 1-11 сынып оқушыларының жеке бас жұмысында оқушының психологиялық -педагогикалық картасы толтырылды.
Мұғалімдерге суицид туралы жалпы мағлұматтар беріілп, оның алдын алу шаралары жүргізілді.
8-11 Сынып оқушыларынан Суицидтке бейімділікті зерттеуге арналған сауалнама (СБЗ) алынып, нәтижесі бойынша жеке жұмыстар жүргізу мақсатында 2 оқушы тіркеуге алынды.

“Зорлық зомбылық және балалар” тақырыбында 7-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды.
11-сынып оқушыларымен қорқыныштың алдын алу мақсатында ҰБТ- ға кіріспе,психологиялық алдын алу жұмыстары жүргізілді.
“Бала тәрбиесіне байыпты қарайық” тақырыбында ДТІЖО мен бірлесіп мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.
Қараша айында, Кимберли-Янгтің “Ғаламторға тәуелділікті зерттеу” тесті
5-11 сынып оқушыларынан алынып, нәтижесі бойынша ата-аналармен жұмыстар жүргізілді.
5-11 сыныптарға интернетке, телефонға тәуелділік жайлы ағарту жұмыстары жүргізілді.
Оқушылардың психологиялық денсаулығын зерттеу, агрессия, мазасыздық, өзін өзі бағалау деңгейін анықтау үшін 5-9 сыныптарға диагностика жүргізілді
1,5,10 сыныптармен бейімделу кезеңін жеңу үшін оқушылармен жеке және топтық түзету жұмыстары жүргізілді.
Желтоқсан айында, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар жүргізіліп, таным процесстері зерттелді. “Аудиал, визуал,кинесетик” тесті алынып, нәтижесі сынып жетекшілеріне таныстырылды.
Қолайсыз отбасынан шыққан оқушылармен, тәуекел тобындағы оқушыларды бақылау, топтық жұмыстар,жекелей кеңес жүргізілді. “Алма ағашы” көңіл-күйді анықтау тесті алынды.
“Бүгінгі оқушы- ертеңгі студент” тақырыбында 11-сынып оқушыларына тәрбие сағаты өткізілді. Стресстің алдын алу мақсатында тренингтік жаттығулар жүргізілді.
11.12.2023 жылы “Бүкіл әлем мен үшін” тақырыбындағы психология апталығының ашылуы болып, әлеуметтік желіге хабарландыру салынды. Оқушыларды апталықтың жоспарымен таныстырып, тапсырмалар үлестірілді.Қоңырау арасында сынып оқушыларына сергіту сәті өткізілді.
Қаңтар айында жоғары сынып оқушыларына “Мен таңдаған жол”! тақырыбында тренингтік жаттығулар өткізілді.
5- сынып оқушылармен “Әдептілік тәрбие бастауы” тақырыбында тәрбие сағаты өтті.
6-7 сынып оқушыларына “Достық қымбат өмірде” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.
“Балаға ақыл айтпа, жол көрсет”! тақырыбында сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді.
“Зорлық зомбылық және балалар” тақырыбында 7-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды.
Ата -аналарға “Саналы ата-ана” курсы ұйымдастырылып, өткізілді. Ата-аналарға сертификаттар үлестірілді.
“Мамандық таңдау -өмірді таңдау” тақырыбында 11 сынып оқушыларының ата-аналарына, сынып жетекшісі Медеубай.Қ. бірлескен ата-қааналар жиналысы өткізілді.

Суицид жайлы ата-аналармен мұғалімдерге ақпарат беріп, алдын алу мақсатында кеңес жүргізілді.
5-11 сынып оқушыларынан "Басса-Дарки сауалнамасы" алынып, нәтижесі сынып жетекшілеріне таныстырылды.
"Бақытым да, байлығым да денсаулық" тақырыбында 9-10 сынып оқушыларына тәрбие сағаты өткізілді.
"Әдеп пен ар-ұят қыздың көркі" тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.
11-сынып оқушыларына қарым қатынас іскерлігін анықтау мақсатында "мейірімділік алаңы" тақырыбында тренингтік жаттығу өткізілді.
"Бала тәрбиесі басты байлығын, кешіксең көретінің қайғы мұң" тақырыбында 9,10- сынып ата- аналарына жиналыс ұйымдастырылды.
3-4 сынып оқушыларына "Буллингке жол жоқ"! тақырыбында тәрбие сағаты өтті.
4- сынып оқушыларымен "Мен 5- сынып оқушысы боламын" тақырыбында жаттығу жұмыстары жүргізілді.
Үлгерімі төмен оқушылардан Д.Тейлордың "Адамның мазасыздық деңгейін" анықтау тесті алынды. "Балоб ағашы" бойынша өз білім деңгейін бағалау жұмыстары жүргізілді.
Мамыр айында мектеп бітірушілерді ҰБТ-ге психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында кеңес жүргізілді.
"Жазғы қауіпсіздік" тақырыбында ДТІЖО бірлескен жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.
Жыл көлемінде жекелей және топтық кеңестер өткізілді. Оқушылар таңертең қарсы алынып, қайтару уақытына дейін бақылауда болды.

## 2023-2024 оқу жылына тәлімгер есебі

**Қыркүйек**

«Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие» бойынша міндетті білім беру айлығында жүргізілген шаралар сараптамасы.
1-қыркүйекте сағат 9-00де «Мектебім-мейірім мекені» атты алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өтті.
15 қыркүйек – Отбасы күніне орай, оқушылар «Менің отбасым» тақырыбында бейнероликтер түсіріп, өз ата-аналарына, аға-бауырларына алғыстарын білдірді. «Әкем, анам және мен» отбасылық спорт сайысы өтті. Бейнероликтер мектептің ресми Instagram, Facebook парақшаларында жарияланды.

https://instagram.com/p/CxPJqhDIrd6/

https://www.instagram.com/p/CxPJfNSItfc/?igsh=OHN5bG5scnh4bzM=

https://www.instagram.com/reel/CxMn_yZIbxv/?igsh=MW9mbWw0dHNibHVieg==

19 қыркүйек күні 9 сыныптар арасында «Жаңа Қазақстан ақындар айтысының дамуы» тақырыбында пікірталас сайысы өтті. 21-қыркүйек Еңбек

күніне орай «Еңбек адамы» тақырыбында бастауыш сыныптар арасында суреттер көрмесі өтті. Еңбек - адамы тіршілігіндегі бірінші қажеттілік. Сондықтан қоғамдағы тәлім-тәрбиенің өзекті мәселесі-адамды еңбек ету қажеттілігіне баулу.

**Қазан**Ұлағатты ұстаздарды «Қалдырған ізің мәңгілік» атты ұстаздарды мерекесіне орай онкүндіктің ашылу өтті. «Бізде оқушы болғанбыз» ұстазбен сұхбат айдары, бейнеқұттықтаулар, «Біздің сүйікті ұстаз» қабырға газеттері, фотоколлаждар ілінді. «Тұрыңыздар келе жатыр мұғалім» мұғалім мамандығын таңдаған оқушыларымен мектебіміздің тәжірибелі ұстаздары және жас маманмен кездесу өтті.

6-қазан Дублер күні.

https://www.instagram.com/reel/CyDavlBr4nE/?igsh=OTk1aGc4N2plbXUy

Оқушылар «Карттарым – асыл қазынам» тақырыбында бейнероликтер дайындап, мектептің ресми парақшаларына жүктелді. Қарттар мерекесіне орай еңбек және экология фракциясының мүшелері Қашағанова Майр апамыздың бау-бақшасына тазарту жұмыстарын жүргізді.

21 қазан «Мектеп парламенті» оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының тұжырымдама ережесіне сәйкес мектеп президенті сайлау учаскесінің ашылуы өтті.

Дауыс берушілер өз таңдауын жасады.

Сайлау қорытындысы бойынша; 9 сынып оқушысы Бақытхан Айарыс-42,03% дауыс жинап, сайлауда жеңіске жетті. https://www.instagram.com/reel/Cyp--UZrcVM/?igsh=MTY1YWJwZXdoYXU0dA==

Жылына екі рет ұйымдастырылатын «Таза аула» акциясына оқушылар мен ұстазар белсене қатысты.[redacted]Республика күніне орай мектебімізде тақырыптық ленейка ұйымдастырылып, гимн ойналды.

https://www.instagram.com/reel/Cyz1ps5oEz-/?igsh=MXgzdmJzZGlkd3ZjNg==

Қараша айына «Ұлттық тәрбие» бағытында, Зиянды әдеттерге "Жоқ дейміз" атты акциялар жүргізілді. "Өз әрекеттеріңді бақыла!" тақырыбында әр сыныпта, 5-7,8-11 топтарында танымдық кеңестер, келелі мәселелер қаралды. "Адал ұрпақ» тобының ұйымдастыруымен «Адалдық дүкені» жұмыс жасады. Қыздар, ұлдар топтарының ұйымдастыруымен Этика, Эстетика, Тамақтану тағылымдары "Сән әлемі" тақырыбында танымдық кеңес ұйымдастырылып, сынып, топтар арасында әңгіме-кеңес жүргізіліп тұрды. 23-қараша жалпыадамзаттық құндылықтар күні аталып өтті. Аудандық «Dancing stars» би сайысы бойынша оқушыларымыз қанжығаларына 3 орынды байлады.[redacted]

Мектеп парламентінің кезекті отырысы өтті. Парламент-оқушылардың білім беру ұйымының өзін-өзі басқаруына, оқу процесін ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысуының бір түрі.Мектеп парламентінің мүшелері отырыс барысында мектеп оқушыларының ішмәдениет, өзін-өзі басқаруына аса мән беріп, өзара пікір алмасты.

Жыл көлемінде Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Көңілді үзіліс» өтті.

6-8 сынып қыздарына болашаққа бағдар ретінде жиналыс өтті. Гигиена жайлы ақпараттар берілді

**Желтоқсан**

Тәуелсіздік мерекесі күніне орай мектебімізде Желтоқсан оқиғасының куәгерлері және аудан ардагерлерімен «Сыр-сұхбат» атты кездесу өтті.

6-сыныпта «Жайдарман» ойыны өтті.
https://www.instagram.com/reel/C01uXtGoQ0Q/?igsh=YTVoN2k1ZTZmemxw

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Қош келдің, Жаңа 2024» атты жаңа жылдық мереке өтті.

Мектеп парламенті спорт және салауатты өмір салты фракциясының ұйымдастыруымен үзіліс кезінде Ақсерек пен көксерек ойыны ойнатылды.

Мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен «Көңілді үзіліс»
https://www.instagram.com/reel/C29sbxpruAV/?igsh=MTU0bm11YTIxMnhtag==

Қардың қалың түсуіне байланысты мөлтекауданымыздың карттары да назардан тыс қалмады. Парламент ұйымындағы «Қамқорлық және еріктілер» фракция, мектеп президенті жақсы жұмыс істеді. Мектебіміздің де ауласын қардан тазалады.

Қаңтар айына "Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие" бағытында, "Тәуелсіз елге-талғампаз маман" атты тақырыпта жоспар жасалып, жұмыс жүргізілді. 5-11 сыныптар арасында "Заман,Уақыт,Талап", тақырыбында сынып сағаттары өтіп, 9,11 бітіретін сыныптарда "Мамандықтың бәрі жақсы" тақырыбында сынып сағаты өтті. «Мамандық таңдау – өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау» тақырыбында танымдық тренинг өткізілді.

Мектебімізде әже тағылымы клубы қыздармен жүн түтіп, ұршық иіруге үйретеді.

https://www.instagram.com/reel/C2_ZmmMIizy/?igsh=ZmN2OHp5dTB5bDV0

Досбоlike2024 шебер қолдар қаласы.
https://www.instagram.com/reel/C3AUdbGri7D/?igsh=MTRtNWRlNmRrMjkzYg==

«Екі жұлдыз» ән байқауы.
https://www.instagram.com/p/C3DXY4JIw3z/?igsh=MWs4MXZhOGw1bTdrag==

https://www.instagram.com/p/C3DZjjEo1-q/?igsh=MWw3N2R2b3pvaW9vaw==
https://www.instagram.com/reel/C3DetxNLIgf/?igsh=eGVkNjJ2c2g5cjhj

8-ақпан күні «ТАЛАП» құндылығы бойынша мектеп оқушыларына «Интернетсіз бір күнім» жобасы ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/C3FtIBWoZKu/?igsh=cG4zeXZoeDB1ODh3
https://www.instagram.com/reel/C3HUcMQIwsp/?igsh=N2l5b2g2MWZveXFq

«Ұлттық киім-ұлтқа мұра» челленджі. Мектеп парламенті.
https://www.instagram.com/reel/C30jLr8Lrj4/?igsh=MXYxbG5pMjE1YW1kag==

Аналарымызға әрдайым жақсы көретінімізді жиі айтып жүрейік! Видеоролик
https://www.instagram.com/reel/C33ACcXryOJ/?igsh=MXg1YW1kOG1sa2VhYw==

Ұшқыр ой алаңы, дебат фракциясының жұмысы.
https://www.instagram.com/reel/C33ACcXryOJ/?igsh=MXg1YW1kOG1sa2VhYw==

8-наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтау.

https://www.instagram.com/reel/C4M7vs9LulS/?igsh=OGwyczdrZjU3MmFkhttps://www.instagram.com/reel/C4NUorlLH3N/?igsh=MXB6Y25ibmx1ZHd3Nw==

Қоңырау арасындағы «Ұлттық ойындар»
https://www.instagram.com/reel/C4c20F-LMGW/?igsh=MXZjMWkyODF1eHkzOQ==

15-наурыз «Батаменен ел көгерер...» бата беру сайысы өтті.
https://www.instagram.com/reel/C4hYJDnIQVx/?igsh=bW01Mjg2NHBqazE=

2024жылдың 18 наурызы күні М.Дәуленов атындағы мектеп-интернатында аудан әкімі А.Ахметсәлімқызының қатысуымен «Nauryz fest-2024» мерекелік шара өтті.

20 наурыз «Қош келдің әз наурыз!» мерекелік шара өтті.
https://www.instagram.com/reel/C4hYJDnIQVx/?igsh=bW01Mjg2NHBqazE=

**https://www.instagram.com/reel/C4tI_SWL0fo/?igsh=MWJxbml5bjN0YW8xNw==**

**https://www.instagram.com/reel/C4tPfOWLJE7/?igsh=MWxlcHk4c2Ewdjdlbg==**

Айлыққа сәйкес жоспар бойынша 1-11 сыныптар «Жер – біздің ортақ үйіміз» тақырыбында бейнероликтер дайындады. Экологияға деген қамқорлық адамдардың қоршаған ортадағы тіршілік иелеріне қорғанынан

бастау алады. Экология апталығының кезекті шарасы «Жер-Ана тынысы» деп аталып, олардың бірі құстарға қамқор болып ұя жасау. Апталық көлемінде өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желілерге салынып, жарияланды.

12 сәуір Ғарышкерлер күніне орай «Ю.Гагарин атындағы орта мектебінде» «Ғарышкерлер көктемі» сынып біркүндігі өткізілді. Біркүндік шеңберінде бағдарламалар, макеттер көрмесі, танымдық викторина ұйымдастырылды.

Мектеп парламенті «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы. Мектеп парламентінің оқушылары тал отырғызып, гүл егіп өз үлестерін қосты.

«Біз біргеміз-баладан балаға» қайырымдылық акциясы аясында мектебімізде «Қамқорлық» фракциясының ұйымдастыруымен жәрменке өтті. Жәрмеңкеден түскен қаражатты тасқын судан зардап шеккен аймақтағы балаларға көмек көрсету мақсатында «BIZ BIRGEMIZ QAZAQSTAN» қорына аударды.

https://www.instagram.com/reel/C6OyWbXIfjI/?igsh=MW1hdHB3d3F6a3hpZw=

**2024-2025 оқу жылына ұсыныс:**

- «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шараларға қатысуда белсенділікті арттыру;
- сынып жетекшілерінің бірлестігінің жұмысын жандандыру;
- сынып жетекшілер әлеуметтік зерттеу жүргізу, аз қамтылған отбасы оқушыларының жағдайын нақтылау барысындағы жұмысты жандандыру;
- сынып жетекшілері мен сынып әкімдерінің кезекшілік атқару кезіндегі жауапкершілігін жандандару, мұғалімдердің кезекшілігін қадағалау;
- сынып жетекшілерге ұйымдастырылған шараларға сыныптарының белсенділігін арттыру;
- үйірмелер мен спорт секцияларына көп балаларды, әсіресе "тәуекел тобындағы"балаларды тарту;
- ліші сыныптарға шефтік жұмыс ұйымдастыру.
- Кіші сыныптарда шефтік жұмыс.

ӘБ әр отырысында сынып жетекшілері өз тәжірибелерімен бөлісті, тәрбие процесінің жаңа педагогикалық технологияларымен танысты, сынып жетекшілерінің ӘБ жұмысында келесі мәселелер талқыланды:

* Сынып жетекшісі қызметінің мазмұны.
* Сынып жетекшілерінің құжаттамасы.
* Сынып ұжымдарында оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру.
* Оқушылардың білім деңгейін анықтау әдістері.
* Тәуекел тобындағы балалармен жұмысты ұйымдастыру.
* Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.
* Тәрбие жұмысын талдау.
* «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жұмыстарының өтуі және нәтижесі.
*Даналық мектебінің жұмыс барысы.

Ағымдағы оқу жылындағы сынып жетекшілерінің ӘБ қызметін талдау сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігінің жақсы деңгейде екенін көрсетеді.

**Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру.**

Педагогикалық ұжымның алға қойған міндеттері оқушыға сапалы білім беру, функционалды сауаттылықтарын қалыптастыру,мамандыққа бағдарлау болып табылады.

Бейінді оқытуда таңдау жасау арқылы оқушы өзінің болашақ мамандығына таңдау жасайтынын түсінеді. Бұл бағытта біріншіден, оқушы мен ата-ананың талабы ескерілсе , екіншіден мектептің оқу-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз етілуі қарастырылады.Жаратылыстану-математика бағыты таңдалған.

2023-2024 оқу жылында бейін бойынша 10-11 сыныптарға «Экологиялық этика», «Химиялық элементтер мен қосылыстар», «Физикадан қиындығы жоғары есептер» курстарына сағаттар бөлінді.

Түлектердің соңғы үш жылда таңдаған мамандақтарына байланысты қоғамдық гуманитарлық бағыттағы пәндерді таңдау көрсеткіші 29%-ды, ал жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді таңдауы 71%-ды көрсетті.

2023-2024 оқу жылын 21 түлек бітірді, оның 3-і «Алтын белгі» төсбелгісінің иегерлері. 9түлек жоғары оқу орындарының мемлекеттік грантын(43%), 7(33%) түлек колледждерге бюджеттік негізде, 5(24%) түлек ақылы негізде қабылданды.

**12.6 Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру -Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс.**

Жұмыстың мақсаты - тиісті жалпы білім беру бағдарламаларын дамытудағы ауытқулары бар балалардың игеруі, дамудың ауытқуын түзету, білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі үшін оңтайлы психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау. Білім беру интеграциясы жағдайында мүмкіндігі шектеулі балалармен әлеуметтік -психологиялық қызметтің түзету-дамыту жұмысының негізгі бағыттары:

-эмоционалды-жеке саланы дамыту және оның кемшіліктерін түзету;

- танымдық белсенділікті дамыту және жоғары психикалық функцияларды мақсатты қалыптастыру;
- іс-әрекет пен мінез-құлықты ерікті реттеуді қалыптастыру;
- әлеуметтік дағдылар мен әлеуметтенуді қалыптастыру және дамыту.

2023-2024 оқу жылы бойынша үйден оқитын 6 оқушы болды. Оның төртеуі жалпы мектеп бағдарламасымен,екеуі арнайы бағдарламамен оқыды. Бір оқушы негізгі мектеп курсын аяқтап,БТ сериясындағы негізгі мектеп курсын аяқтау туралы куәлік алды.

Үйде оқитын әрбір білім алушы үшін жасалған оқу жоспарлары мен кестесіне сәйкес пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалған. Мектеп директорының бұйрығы бар, педконсилиум хаттамалары жинақталған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ВКК және ПМПК қорытындылары, соларға сәйкес әзірленген жеке оқу жұмыс жоспарлары бар.

Оқу жылының басында мектептің оқушылар ұжымына мониторинг жүргізілді, оның барысында отбасылардың материалдық өмір сүру деңгейін анықтау, контингент диагностикасы үшін белгілі бір мәртебелік санаттар бойынша оқушылардың тізімдері жасалды. Деректер мектеп құжаттамасын зерделеу, сынып ұжымдарының әлеуметтік төлқұжаттарын жасау, ата-аналармен, сынып жетекшілерімен, оқушылармен әңгімелесу, тестілеу, сауалнама жүргізу арқылы алынды. Барлық жұмыстың нәтижесінде мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасалды.

| Критериилер | Отбасы саны | Бала саны |
|---|---|---|
| **Барлық оқушы саны** | 208 | 503 |
| **қамқоршылықта** | 3 | 4 |
| **Көпбалалы отбасы саны** | 73 | 176 |
| **Көпбалалы аз қамтылған отбасы саны** | 66 | 155 |
| **Әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандар** | 0 | 0 |
| **Мүгедек балалар** | 2 | 2 |
| **Аз қамтылғандар** | 22 | 41 |
| **Тәуекел топта** | 5 | 5 |
| **Ішкі істер бөлімінде есепте** | 0 | 0 |

ҚР Үкіметінің №64 Қаулысы негізінде 1-11 сыныптар бойынша 95 балаға (1-4 сыныпта 34 бала атаулы әлеуметтік көмек алушы, 5-11 сыныпта аз қамтылған 61 бала) ыстық тамақ ұйымдастырылды. Биылғы оқу жылында барлық бастауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылуы тиіс болғандықтан жергілікті бюджет есебінен «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» 159 ерекшелігі негізінде 1-4 сыныптың барлық 202 оқушысы ыстық тамақпен қамтылған.

108 отбасының 223 баласы мектеп формасымен қамтамасыз етілді. Атап айтсақ, 35 бала атаулы әлеуметтік көмек алушылар, 35 бала табыс көзі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың балалары, 4 бала жетім және қамқоршылықтағы, 149 көпбалалы, аз қамтылған санатындағы балалар қамтылды.

**Балалардың құқықтарын қорғау:**

Мектепте қамқоршылықтағы 4 бала оқыды. Олардың құқықтары мен мүдделерді қорғау мәселелерінде, тәрбие мәселелерінде уақтылы көмек көрсетіледі. Барлық қамқоршылар оқыту және тәрбиелеу бойынша өз міндеттерін орындады, ата-аналардың сынып жиналыстарына қатысты, мұғалімдердің ұсынымдарын орындады. Бастауыш сыныпта оқитын

қамқоршылықтағы 1 бала мектеп жанындағы жазғы сауықтыру алаңына тартылды. 5-11 сынып аралығында оқитын 3 бала мектептегі бір реттік тегін ыстық тамақпен, мектеп формасымен қамтылды.

Мектеп жанындағы жазғы сауықтырумен аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан тегін 50 бала, қала сыртындағы лагерьге 13 бала тегін қамтылды.

Жыл көлемінде ата-аналарға

- «Мектепте көрсетілетін мемлекеттік қызметтер»,
- «Мектепте берілетін тегін ыстық тамақтың берілу тәртібі, жиналатын құжаттар, тексерілу түрлері» тақырыптарында 2 рет жалпы жиналыс өткізілді.

**12.7 Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру**.

Оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігінің (вариантты компонент) оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына сай жасалынған. Вариативті компонент бойынша курс бағдарламалары жасалып бекітілген. 2023-2024 оқу жылы бойынша вариативтік компонентінен таңдау бойынша сағаттар 28 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесінің қаулысы бойынша төмендегі ретпен бөлінді.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптар бойынша вариативтік компонент бөлігінен берілген сағаттар :

| № | Курс атауы | Сыныбы | Сағат саны | Курсты жүргізетін мұғалім |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Математикалық логика | 1а | 1 | Дуланбаева Т.Қ |
| 2 | Математикалық логика | 1ә | 1 | Дуланбаева Т.Қ |
| 3 | Математикалық логика | 1б | 1 | Дуланбаева Т.Қ |
| 4 | Математикалық логика | 2а | 1 | Пушпакова Л.Б |
| 5 | Математикалық логика | 2ә | 1 | Әмелбекова А |
| 6 | Математикалық логика | 2б | 1 | Қуанышбекова Ә.М |
| 7 | Көркем сөз | 2а | 1 | Пушпакова Л.Б |
| 8 | Көркем сөз | 2ә | 1 | Әмелбекова А |
| 9 | Көркем сөз | 2б | 1 | Қуанышбекова Ә.М |
| 10 | Таңғажайып логикалық ойлау | 3а | 1 | Умарбекова Б.Н |
| 11 | Таңғажайып логикалық ойлау | 3ә | 1 | Бигельдинова А.Қ |
| 12 | Математикалық логика | 4а | 1 | Игісинова А.Қ |
| 13 | Математикалық логика | 4ә | 1 | Рахимбердина А.С |
| 14 | Математикалық логика | 4б | 1 | Құрмашева Ж.Қ |

Бастауыш сыныптардағы үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін курстар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында ҚР-ның орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынып, Іс-тәжірибесі облысқа таратылуға ұсынылған бастауыш пән мұғалімдері Т.Қ.Дуланбаева(Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы сараптама кеңесі отырысының №1 хаттамасы,20.01.2023ж) мен А.Б.Ожанованың (Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы сараптама кеңесі отырысының №1 хаттамасы,25.03.2022ж) шешімдерімен авторлық бағдарламаларын пән мұғалімдері вариативті курс жүргізуге қолданады

Негізгі мектеп курсы бойынша вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсына берілген.

**Жаһандық құзыреттілік курстардың бөлінуі:**

5-8 сыныптарға «Жаһандық құзыреттіліктер» курс топтамалары 0,5-сағаттан берілді. 9-сыныпқа 1 сағаттан берілді. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Жаһандық құзіреттіліктер» курсының үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі білім беру саласында пайдалануға ұсынған бағдарлама негізінде жасалды.Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.

«Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау,бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты

ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар

қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әл-ауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді.
«Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.
«Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылық-тарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен карауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық- құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастырады.
«Зайырлылық және дінтану» юниті (9-сынып) білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған.
2023-2024 оқу жылында 10-11 сыныптар бойынша вариативтік компонент бөлігінен берілген сабақтар.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жаһандық құзыреттілік курстары | | | | |
| 1 | 10 сынып | Жаһандық құзыреттілік | 1 сағат | Ахметнабиев Қ.Ғ |
| 2 | 11 сынып | Кәсіпкерлік бизнес негіздері | 1 сағат | Ахметнабиев Қ.Ғ |
| Элективті курстар | | | | |
| 1 | 10 сынып | Экологиялық этика | 1 сағат | Фаимова Г.Қ |
| 2 | 10 сынып | Алаш идеясы және Алаш қозғалысы | 1 сағат | Ыдырышова К.С |
| 3 | 11 сынып | Химиялық элементтер мен қосылыстар | 1 сағат | Бозтаева Ғ.Қ |
| 4 | 11 сынып | Физикадан қиындығы жоғары есептер | 1 сағат | Сағатова Ж |
| | Барлығы | | 6 сағат | |

12.8 "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру . Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын іске асыру жұмысы қаралды. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. Мектепте «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәні шеңберінде 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен

іске асырылады,5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні аясында 12 сағаттық жүктемемен жүзеге асырылады. Күнделік .кз журналынан қаралды.

12.9. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру. 2023-2024 оқу жылындағы «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру жұмысы қаралды. Курс мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда сынып жетекшілерімен тақырыптарын көрсете отырып іске асырылған. "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, Күнтізбелік - тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген. Міндетті оқу курсының жүргізілгендігі Kundelik.kz электронды журналынан қаралды.

12.10 ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттартізбесін сақтау. Білім беру сапасы негізінен педагогикалық құрамның сапасымен анықталады. Тексеру барысында кадрлармен жұмыс жөніндегі барлық нормативтік құжаттардың бар: жеке құрамды есепке алу кітабы, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітабы уақтылы жүргізілетіні, еңбек шарттары жасалатыны, педагогтердың жеке істері бар екендігі анықталды. Директордың, директордың оқу, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің, аға тәлімгері лауазымдық нұсқаулықтары бар. Кадрлармен қамтамасыз етуді талдау барысында педагог қызметкерлердің сандық және сапалық құрамының келесі нәтижелері алынды.

Педагогтердің сандық және сапалық құрамы

Мектепте барлығы 56 мұғалім сабақ береді, оның 45-і әйел. Педагогикалық құрам жоғары білімі бар мамандардың өкілдігінің жоғары деңгейімен ерекшеленеді–89%.Сонымен қатар,мектеп педагогтарының ішінде магистр 6

| Білім беру бойынша педагогтердің сандық құрамы | | |
|---|---|---|
| Білім | Педагогтар саны | жалпы саннан % |
| Жоғары | 50 | 89% |
| Орта-арнайы | 6 | 11% |
| магистр | 6 | 11 |

Қарастырылып отырған мектеп мұғалімдерінің сапалық құрамын талдау көрсеткендей, мұнда негізінен 5 жыл және одан жоғары тәжірибесі бар мұғалімдер жұмыс істейді (олардың үлесі 88% құрады). Мұғалімдерінің басым көпшілігі 35 пен 60 жас аралығында.

| Барлығы | Педагогикалық еңбек өтілі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 0-3жыл | 3-5жыл | 5-8жыл | 9-16жыл | 17-20жыл | 20 жылдан жоғары |
| 56 | 6 | 1 | 12 | 11 | 8 | 18 |
| % | 11% | 2% | 21% | 20% | 14% | 32% |

Біліктілік санаты бойынша педагогтердің сандық құрамы жағынан 36 % көрсетеді.
Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет

| **Біліктілік санаты бойынша педагогтердің сандық құрамы** | | |
|---|---|---|
| Педагог-зерттеуші | 8 | 14 % |
| Педагог-сарапшы | 11 | 20 % |
| Педагог-модератор | 19 | 34 % |
| Жоғары санат | | |
| Бірінші санат | | |
| Екінші санат | 1 | 2% |
| Санат жоқ | 17 | 30% |

аттестаттаудан өткені туралы мәліметтер

| № | Педагогтың Т.А. | Білімі | Лауазымы | Басшының және басшының орынбасарларының біліктілігі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Аманбаева ГулжанатМержакуповна | жоғары | мектеп директоры | санаты жоқ |
| 2 | Кубикенова Айгуль Аукешовна | жоғары | мектеп директорының оқу ісі жөнінен орынбасары | 2 санатты мектеп басшысының орынбасары |
| 3 | Дауылбаева Шынар Қадылбековна | жоғары | мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары | 3 санатты мектеп басшысының орынбасары |
| 4 | Ахметжанова Гулназ Қаматаевна | жоғары | мектеп директорының оқу ісі жөнінен орынбасары(0,5) | санаты жоқ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Игісінова Арай Құрманбекқызы | | мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары(0,5) | санаты жоқ |

**ПББ нәтижелерін талдау**

2023-2024 оқу жылында педагогтардың білімін бағалау тестіне 12 педагог қатысып,оның 8-і шекті балл жинаса, 4 педагог (2 ағылшын тілі,1 математика,1мектепалды даярлық сыныбы мұғалімдері) шекті балл жинай алмады.

2023-2024 оқу жылының аттестациясының қорытындысы бойынша:

Педагог- зерттеушіге санатын 4 мұғалім растап алды – Кубикенова А.А, Дуланбаева Т.Қ Ильдербаева Ф , Ахметжанова Г.Қ
Педагог- сарапшы біліктілік санатын 5 мұғалім растады - Рахимбердина А, Пушпакова Л.Б, Игисинова .К, Бөрдібай С.
Бір мұғалімге берілді- Алдиева А.Қ.
Педагог- модератор біліктілік санаты 4 мұғалімге берілді: Жалелова Ж.Н, Сатенова А.Қ, Қабашова А.Қ және Каженов М.А

2023-2024 оқу жылында біліктілік курсынан өткен мұғалімдер

| | **пән мұғалімдері** | | **уақыты** |
|---|---|---|---|
| 1. | Асаубаев Аслан Мубаракович –дене шынық | + | 22.09.2023ж.№ |
| 2. | Әлжапаров Нұржан Қайратбекұлы- орыс т | + | 6.09-15.09.23ж. |
| 3. | Медеубай Қарлығаш Медеубайқызы – орыс т | + | 16.09-29.09.23ж |
| 4. | Фаимова Гүлден - биология | + | 15.09.2023 |
| 5. | Аубакирова Айнара - география | + | 09.10-20.10.23 |
| 6. | Зиятханова Іңкәр Шаймұратқызы- ағылшын | + | 23.10-03.11.2023 |
| 7. | Қайратбекова Гүлнұр - Бастауыш сынып мұғалімі | + | 23.02.2024ж о |
| 8. | Бигелдинова Алтынай Кенжалықызы- Бастауыш сынып мұғалімі | + | «22.05.2024ж. |
| 9. | Аукетаева Жулдыз -Бастауыш сынып | + | 24.06-05.07 |
| 10. | Бидахметова Меруерт Кадырбекқызы МАД | | |
| 11. | Оралбекова Бекзат Дәуренбекқызы- тәлімгер | + | 6.04-12.04. 2024 о |
| 12. | Мырамытова Зауре Дентаевна Кітапхана меңгерушісі | | |
| 13. | Кубикенова Айгул Аукешовна Физика мұғалімі | + | 216.06-07 |
| 14. | Қабашова Айтолқын Асқатқызы- Ағылшын тілі \ психология | + | 22.04.-03.05.2024 |
| 15. | Ильдербаева Фариза- математика | + | 22.04-04.05.2024 |
| 16. | Кеңесханова Назерке Серікқызы Бастауыш сынып мұғалімі | + | 15.04-26.04.2024 о |
| 17. | Дауылбаева Шынар Кадылбековна | + | 10.09.2023-18.09.2023 |

**«Зерде» 2-7 сынып оқушылары арасындағы ғылыми жоба қорытындысы**

**8-11 сынып оқушыларының ғылыми жобаға қатысуы**

| № | Ф.И. автора проекта | Название проекта | Название секции | Класс | Ф. И. руководителя проекта | Занятое место |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қыдырханова Асылай | Бақбақ гүлінен бал жасау әдісі | Медицина | 4Ә | Рахимбердина Алмагүл С. | 2 |
| 2 | Кумашева Зере | Менің өмірімдегі математика | Математика | 5Ә | Жалелова Жансая Н | 2 |
| 3 | Мухтарханова Әмина | Қазтамақ гүлдерін үйде өсіру жолдары | Биология | 2Б | Қуанышбекова Әсемгүл Мұталапқызы | 3 |
| 4 | Еркінбекқызы Ұлпан | Кибербуллинг және онымен күресу жолдары | Психология | 6Ә | Қабашова Айтолқын А. | |
| 5 | Сейілхан Альтаир Оразбек Мансура | Зайсан қаласы маңындағы су қоймаларында кездесетін омыртқасыз жануарлардың биологиялық алуантүрлілігі | Биология | 7Б 7А | Фаимова Гүлден Қ. | 3 |
| 6 | Әділбеков Айсұлтан | Компьютердің балаларға тигізер жағымды және жағымсыз әсері | Медицина | 2А | Пушпакова Лаура Батырбековна | |
| 7 | Берік Малика | М.Жұмабаевтың "Сағындым" өлеңінің көркемдік сипаты | Қазақ әдебиеті | 5Ә | Мукаева Айгуль Бейсеновна | |
| 8 | Дастанқызы Камшат | Қазақ ертегілерінің тәрбиелік мәні | қазақ әдебиеті | 3Ә | Бигельдинова Алтынай Кенжеәліқызы | 3 |
| 9 | Кеңесханов Айсұлтан | Көбейту кестесінің құпиясы | математика | 3Ә | Бигельдинова Алтынай Кенжеәліқызы | 2 |
| 10 | Ұланқызы Тұмарай | Мультфильмдер арқылы ағылшын тілін үйрену | ағылшын тілі | 4А | Зиятханова Іңкәр Шаймұратқызы | 3 |
| 11 | Оразқан Кәусар | Элинор Фарджон ертегілеріндегі еркіндік сахнасы | ағылшын тілі | 4Ә | Зиятханова Іңкәр Шаймұратқызы | |
| 12 | Қайратұлы Тимур | Қадылбек Жағыпаровтың шығармашылығындағы "Туған жер" тақырыбы | өлкетану | 6Ә | Бөрдібай Серікбек | |
| 13 | Кеңесова Айша | Энергияны үнемдеп жүрсіз бе? | физика | 7Б | Кубикенова Айгуль Аукешовна | |
| 14 | Омар Медина | Ұлттық таным-көркем әдебиетте | қазақ әдебиеті | 6Ә | Алдиева Арайлым Құрманбекқызы | |

| № қатысушы | Жоба авторының аты-тегі (толық) | Жобаның атауы | Секция | Сынып | Жоба жетекшісінің аты-жөні | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Айтмұратов Махамбет Медетұлы | СМС-диалоги как новое явление современной речи | Орыс тілі мен әдебиеті | 9Ә | Әлжапаров Нұржан Қайратбекұлы | 3 |
| 2 | Еркінбекқызы Көркем | Магниттің қасиетіне температураның әсері | Физика | 9А | Сагатова Жанар Сагынгановна | |
| 3 | Арғынбаева Меруерт | Қазақ дәстүрінің ғылыми негізділігінің периодтық кестедегі дәлелдемесі | Химия | 11А | Бозтаева Галия Кожахметовна | 2 |
| 4 | Алмасұлы Жарқын | Тұрғын үйдің жайлылық коэффициентін геометриялық анықтау | Математика | 10А | Сатенова Асем Кабдрашиевна | 3 |
| 5 | Ерланова Салина Қайратқызы | Острые углы сложноподчинённого предложения | Орыс тілі мен әдебиеті | 10А | Медеубай Карлыгаш Медеубайкызы | 3 |
| 6 | Сейілхан Еркежан Бақытқызы | Қоршаған әлемдегі және адам өміріндегі Тригонометрия | Математика | 9А | Сатенова Асем Кабдрашиевна | |
| 7 | Жұмабекова Нұрай Сырымқызы | Самырсынның биологиялық алуантүрлілігі және экологиялық маңызы | Биология | 9Ә | Фаимова Гүлден Қанатқызы | 3 |
| 8 | Ерланова Аяулым | А.С.Пушкин "Моцарт и Сальери" вымышленные или реальные персонажи | Орыс тілі мен әдебиеті | 8А | Толеуова Гульжазира Карышкызы | 3 |
| 9 | Асхатқызы Райхан | Адами құндылықтар- лирика-философиялық шығармаларда | Қазақ тілі мен әдебиеті | 9Ә | Ахметжанова Гүлназ Каматаевна | 3 |
| 10 | Мұхтарханов Ернұр Қанатбекұлы | Тұрмыстағы конденсация.Пайдасы мен зияны | Физика | 8А | Кубикенова Айгул Аукешовна | |
| 11 | Дүйсебаева Қарақат | Ноғайбай ақын шығармашылығындағы өлке тарихы | Өлкетану | 11А | Салахов Қанағат Қалелұлы | 1 |

«Зерде» 2-7 сынып оқушылары арасындағы ғылыми жобаға -14 оқушы қатысты ; нәтижесі -7 оқушы 3-2-інші, 4-3-інші орын алды, сапа - 50%

8 -11- сынып оқушылары арасындағы ғылыми жобаға – 11 оқушы қатысты, орын -8 орын алды; сапа 64 % көрсетті. 1-1, 1-2, 5-3-інші орын алды.

Әртүрлі оқулар, байқауларға қатысуылар көрсеткіші

| | түрлері | оқушы | Мұғалім | аудандық | облыстық | респуб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Президент-тік олимпиада | Арғынбаева Меруерт | Қадылханұлы М. Сағатова Ж. Бозтаева Ғ. Фаимова Г. | 3орын | сертификат | |
| 2 | «Менің шағын Отаным» | Алмасұлы Жарқын | Салахов Қ. | 1-орын | | |
| | | Ерланова Салина | | 2-орын | | |
| | | Сарқытбекқызы Ұлпан | | 2- орын | | |
| | | Қанатқызы Аружан | | 2- орын | | |
| | | Асхатқызы Райхан | | 3- орын | | |
| 3 | Айтыс | Далабаев Алихан | Мукаева А. | 3- орын | | |
| 4 | Н.Мәукенұлы оқуы | Қыдырмолла Бағжол | Мукаева А. | сертиф | | |
| 5 | Н.Мәукенұлы оқуы | Омар Медина | Алдиева А. | 2- орын | | |

**Әдістемелік ұсынымдарға 9- қосымша Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер** Пайдалы оқу алаңы, материалдық -техникалық базасының болу туралы мәлеметтер (9-қосымшада) мектептің тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі бар.1996 жылы салынып пайдалануға берілді. Күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Мектептің жалпы көлемі - 2002,7 ш.м Мектептің жобалық қуаты 336 оқушыға арналып салынған типтік мектеп. Қазіргі күні 552 бала екі ауысымда білім алуда. Пайдалы оқу алаңы 1023,7 м2 кв.м. Жалпы мектеп бойынша 11 пән кабинеті ,2 зертхана кабинеті бар.Бастауыш сынып- 5, МАД кабинеті – 1, Химия-1,Физика-1, Биология-1, Математика -1, Информатика-1, Қазақ тілі -1,АӘД -1, Робототехника-1, Ағылшын тілі -1,Орыс тілі -1, Шеберхана-1,Технология-1, Мұғалімдер бөлмесі-1, Психология-1, Медициналық кабинет-1, Тәрбие-1. Мектепте - 7 интерактивті тақта, панель - 3 дана, 33-компьютер, 128-ноутбук бар. Паспортталған кабинеттер: информатика кабинеті , физика кабинеті, химия кабинеті, қазақ тілі мен әдебиеті, биология,технология,алғашқы әскери даярлық кабинеттері жабдықталған. Интернетке ену 3 нүктесі бар. Интернет жылдамдығы-

20Мбит/с. Интерактивті тақталарды барлық пән мұғалімдері сабақтарына қолданады.. Мектепте электрондық оқулықтар бар. Әр сыныпта оқу әдістемелік құралдары мен дидактикалық материалдар, оқулықтар қолданылады. Бейне бақылау камералары-10. Сыртта-4, ішінде-6. Қауіп-қатер дабылы орнатылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін пандус,табличка режим орнатылған.

**Әдістемелік ұсынымдарға 10- қосымша медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер**

Медициналық кабинет барлық қажетті жабдықтармен, жиһаздармен және медициналық жабдықтармен жабдықталған. Медициналық көмекті Қасенова Г.Н, орта арнаулы білім, мейірбике ісі мамандығы бойынша қызмет көрсетеді. Лицензия Шығыс Қазақстан облысы  әкімшілігінің Денсаулық сақтау басқармасымен берілген.

**Әдістемелік нұсқауларға 8 қосымша білім алушылар контингентінің құрылымы**

Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді: 1-11 сыныптар - бес күндік оқыту. Барлығы-24 сынып жиынтықтар, оқыту тілі-қазақ. Сыныптардағы орташа жинақ-21 оқушы. Сабақтың ұзақтығы 45 минут. Сабақтың басталуы 1 ауысымда 8:00-да, 2 ауысымда 14:00-де. Мектеп білім туралы заңнамаға сәйкес дайындық деңгейіне қарамастан алты жастан бастап балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызмет "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіле отырып көрсетіледі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 3 маусымдағы бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 378 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мемлекеттік қызмет "Электрондық үкімет" вебпорталы арқылы балаларды 1-сыныпқа қабылдау үшін электрондық түрде көрсетіледі, egov.kz. мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар тізбесі стендте, мектеп фойесінде орналастырылған. Электрондық түрде қабылдау 31 тамызға дейін жүргізіледі. Басқа білім беру ұйымдарынан оқушыларды қабылдау кезінде мемлекеттік қызмет қағаз түрінде көрсетіледі.

**13.1.Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы**

2023-2024 оқу жылы бойынша 1-4 -кластарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымшаға оқыту қазақ тілінде жүргізіліетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің оқу жоспарына сәйкес  оқу жүктемесі бойынша апталық жүктеме төменде кестеде көрсетілген

| Сыныптар | 1-сынып | 2-сынып | 3-сынып | 4-сынып | Оқу жүктемесінің жоғарғы апталық көлемі | Оқу жүктемесінің жылдық шекті көлемі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Инвариантты қ оқу жүктемесінің көлемі | 18,5 | 22 | 25 | 25 | 90,5 | 3058,5 |
| Вариативтік компонент көлемі | 1 | 2 | 1 | 1 | 5 | 169 |
| Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі | 19,5 | 24 | 26 | 26 | 95,5 | 3227,5 |

5-9- кластарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымшаға сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізіліетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесі бойынша апталық жүктеме:

| Сыныптар | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып | Оқу жүктемесінің жоғарғы апталық көлемі | Оқу жүктемесінің жылдық шекті көлемі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Инварианттық оқу жүктемесінің көлемі | 28 | 28 | 31 | 32 | 33 | 152 | 5168 |
| Вариативтік компонент көлемі | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 1 | 3 | 102 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі | 28,5 | 28,5 | 31,5 | 32,5 | 34 | 155 | 5270 |

Жалпы орта мектеп курсы бойынша:

| Сыныптар | 10-сынып | 11-сынып | Оқу жүктемесінің жоғарғы апталық көлемі | Оқу жүктемесінің жылдық шекті көлемі |
|---|---|---|---|---|
| Инварианттық оқу жүктемесінің көлемі | 32 | 32 | 64 | 2176 |
| Вариативтік компонент көлемі | 3 | 3 | 6 | 204 |
| Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі | 35 | 35 | 70 | 2380 |

10 сыныпта (жаратылыстану-математика бағыты) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшаға сәйкес жасалған оқу жоспарында апталық жүктеме вариативтік компонентті қоса алғанда -35 сағат;

11сыныпта(жаратылыстану-математика бағыты) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшаға сәйкес жасалған оқу жоспарында апталық жүктеме вариативтік компонентті қоса алғанда -35 сағат;

**13.3 Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып бөлу.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығының 2 қосымшасының 3 тарау 30 пунктіне сәйкес:

Бала саны көрсетілген нормаға сәйкес болған 3а(екінші жартыжылдықтан бастап 24 оқушы),3ә сыныптарында орыс тілі,ағылшын тілі,цифрлық сауаттылық пәндерінен оқушылар топқа бөлінді.

Осы заңның 3 қосымшасының 3тарау 43пунктіне сәйкес: 5а сыныбы(25 оқушы),5ә сыныбы (27 оқушы),6а сыныбы(24 оқушы),6ә сыныбы (25 оқушы) орыс тілі мен әдебиеті,ағылшын тілі,информатика пәндерінен топқа бөлініп оқыды. 5-9 сыныптарда сынып толымдылығына қарамастан көркем еңбек пәні ұл,қыздар тобына бөлініп оқыды.

14.1 Әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім

алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» талаптарын сақтай отырып «Ю.Гагарин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 5-8,10 сыныптарды аралық аттестаттау, 9-11 сынып оқушыларының білімін қорытынды аттестауға байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан бұйрықтары, емтиханды өткізу кестесі, емтихан хаттамасы және педагогикалық кеңес хаттамалары жинақталған.

2023-2024 оқу жылында 5-8,10 сынып оқушылары қазақ тілінен аралық қорытынды аттестаттаудан өтті. 5 сыныпта 2 оқушы үйден оқытылуы себепті емтиханнан босатылған. Қиындық туғызған оқу мақсаттары (7.4.4.3, 8.4.4.3, 10.4.4.1) бойынша талдау жасалып,олқылықтарды жою бойынша жұмыстарды жоспарлау ұсынылды.

| сынып | Пән атауы | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Жыл-дық сапа | Емти-хан сапасы | Динамика |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5а | Қазақ тілі | 24 | 4 | 8 | 12 | | 50 | 50 | 0 |
| 5ә | Қазақ тілі | 26 | 6 | 12 | 8 | | 69 | 69 | 0 |
| 5 сынып бойынша | Қазақ тілі | 50 | 10 | 20 | 20 | | 60 | 60 | 0 |
| 6а | Қазақ тілі | 24 | 6 | 10 | 8 | | 66,7 | 66,7 | 0 |
| 6ә | Қазақ тілі | 25 | 3 | 14 | 8 | | 68 | 68 | 0 |
| 6 сыныптар бойынша | Қазақ тілі | 49 | 9 | 25 | 16 | | 67,3 | 67,3 | 0 |
| 7а | Қазақ тілі | 17 | 3 | 10 | 4 | | 76,5 | 76,5 | 0 |
| 7ә | Қазақ тілі | 19 | 3 | 10 | 6 | | 68,4 | 68,4 | 0 |
| 7б | Қазақ | 16 | 4 | 7 | 5 | | 68,8 | 68,8 | 0 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тілі | | | | | | | | |
| 7 сыныптар бойынша | Қазақ тілі | 52 | 10 | 27 | 15 | | 71,2 | 71,2 | 0 |
| 8а | Қазақ тілі | 21 | 2 | 14 | 5 | | 76,2 | 76,2 | 0 |
| 8ә | Қазақ тілі | 19 | 5 | 8 | 6 | | 68,4 | 68,4 | |
| 8 сыныптар бойынша | Қазақ тілі | 40 | 7 | 22 | 11 | | 72,5 | 72,5 | 0 |
| 10а | Қазақ тілі | 15 | 4 | 6 | 5 | | 60 | 66,7 | +6,7 |
| 5-10 сыныптар бойынша | Қазақ тілі | 206 | 40 | 99 | 67 | | 67 | 67,5 | +0,5 |

Жалпы 5-8 сынып оқушыларының білім сапасында өзгеріс жоқ. 10 сыныпта бір оқушы жылдық бағадан жоғары баға алды.Қиындық туғызған оқу мақсаттары (7.4.4.3, 8.4.4.3, 10.4.4.1) бойынша талдау жасалып,олқылықтарды жою бойынша жұмыстарды жоспарлау ұсынылды.

9 сыныптардың қорытынды емтихандардың нәтижелері

| Пән | Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | Жылдық сапа | Емтихан сапасы | Үлгерімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақ тілі | 9 сынып | 42 | 9 | 17 | 16 | 59,5 | 62 | 100% |
| Алгебра | 9 | 42 | 8 | 15 | 19 | 57 | 55 | 100% |
| Орыс тілі мен әдебиеті | 9 | 42 | 14 | 15 | 13 | 69 | 69 | 100% |
| География | 9 | 4 | 0 | 1 | 3 | 25 | 25 | 100 |
| Биология | 9 | 10 | 4 | 4 | 2 | 80 | 80 | 100 |
| Қазақстан тарихы | 9 | 25 | 8 | 9 | 11 | 60 | 68 | 100 |
| Физика | 9 | 2 | 2 | | | 100 | 100 | 100 |

2023-2024 оқу жылында негізгі мектеп курсын бітіргендер саны 43 оқушы . Бір оқушы денсаулығына байланысты қорытынды аттестаттаудан босатылды. Жылдық көрсеткіш бойынша білім сапасы 53 пайыз.емтихан нәтижесінде білім сапасында өзгеріс болған жоқ. Негізгі мектеп курсы бойынша «Үздік аттестат» алған оқушылар саны-2.

Қазақ тілі бойынша емтихан нәтижесі: қатысқан оқушы саны 42 оқушыны құрады. 9 оқушы «5», 17 оқушы «4»,16 оқушы «3» деген баға алды . Қазақ тілі бойынша білім сапасының пайыздық көрсеткіші-62%
алгебра пәні бойынша емтихан нәтижесі: қатысқан оқушы саны-42 оқушыны құрады. 8 оқушы «5» деген бағаға, 15 оқушы «4» деген бағаға,19 оқушы «3» деген бағаға емтихан тапсырды. Алгебра пәні бойынша білім сапасының пайыздық көрсеткіші-55%

Орыс тілі мен әдебиеті бойынша емтихан нәтижесі: қатысқан оқушы саны -42,14 оқушы «5» деген бағаға, 15 оқушы «4» деген бағаға,12 оқушы «3» деген бағаға емтихан тапсырды. Орыс тілі мен әдебиет бойынша білім сапасының пайыздық көрсеткіші-69%.
Таңдау пәндері бойынша: география пәнінен қатысқан оқушы саны - 4 оқушыны құрады. 1 оқушы «4»,3 оқушы «3» деген бағаға емтихан тапсырды.

география пәні бойынша емтиханнан білім сапасының пайыздық көрсеткіші - 25% құрады.

Қазақстан тарихы пәнінен қатысқан оқушы саны - 25 оқушыны құрады. 8 оқушы «5»,9 оқушы «4», 11 оқушы «3» деген бағаға емтихан тапсырды. Қазақстан тарихы пәні бойынша емтиханнан білім сапасының пайыздық көрсеткіші - 68% құрады.

Биология пәнінен қатысқан оқушы саны - 10 оқушыны құрады. 4 оқушы «5» деген бағаға, 4 оқушы «4», 2 оқушы «3» деген бағаға емтихан тапсырды. Биология пәні бойынша білім сапасының пайыздық көрсеткіші - 80% құрады.
11 сыныптар бойынша:

Жалпы орта мектеп курсын оқытуда 2023-2023 оку жылында жылдық қорытындысы бойынша мектептегі 11-сынып оқушыларының білім сапасы – 43 %.

Жалпы орта мектеп курсы бойынша 11 сыныптың мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижесінің көрсеткіші:
Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға 21 оқушы қатысты. 3 оқушы мектепті «Алтын белгі»-мен аяқтады. Білім сапасы жылдық көрсеткіш бойынша 43% құрады. Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан кейін білім сапасында өзгеріс жоқ. Емтихан нәтижелері төмендегідей болды.

| Пән | Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | жылдық сапа | Емтихан сапасы | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақ тілі | 11А | 21 | 6 | 9 | 6 | 67 | 71% | 71 |
| Алгебра және анализ бастамалары | 11 А | 21 | 4 | 7 | 10 | 52 | 52% | 52 |
| Қазақстан тарихы | 11 А | 21 | 9 | 12 | | 90 | 100% | 90 |
| Орыс тілі мен әдебиеті | 11 А | 21 | 4 | 15 | 2 | 86 | 90% | 100% |
| Дүниежүзі тарихы | 11 А | 1 | 5 | | | 100 | 100% | 100% |
| Құқық негіздері | 11А | 1 | 1 | | | 100 | 100% | 100% |
| Физика | 11А | 2 | | 2 | | 100 | 100% | 100% |
| Химия | 11А | 2 | 2 | | | 100 | 100% | 100% |
| Биология | 11А | 13 | 2 | 6 | 5 | | 62% | 62% |
| География | 11А | 2 | | 2 | | | 100% | 100% |

Емтихан барысында қазақ тілінен бір оқушы жылдық бағадан жоғары нәтиже көрсетіп,қорытынды бағасы жоғарылады. Қазақстан тарихынан екі оқушы жылдық бағадан жоғары алғанымен,қорытынды баға өзгерген жоқ.
Емтихан өткізу бұйырықтары (9-11 сынып), емтихан хаттамалары, педагогикалық кеңес хаттамалары жинақталған.

**14.2 білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» талаптарына сәйкес «Ю.Гагарин атындағы орта мектебі» КММ-де білім алушылардың оқу жетістіктерін қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау  жүзеге асуда. Қалыптастырушы бағалау-сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқубарысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, білім алушы мен педагог арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау, оның ішінде үй жұмысы білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу және сабақта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және педагогтың ұсынымдары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады. Сабақта формативті бағалау кезінде мұғалім кері байланыс жасайды. Педагог білім алушылардың санын, кері байланыс беру нысаны мен жиілігін дербес анықтайды. Қалыптастырушы бағалау үшін ең жоғары балл 2-11 сыныптарда 10 балдан аспайды, бұл ретте 1-3 балл төмен деңгей критерийлеріне сәйкес келеді, 4-7 балл - орта деңгей, 8-10 балл - жоғары деңгей Бөлім бойынша жиынтық бағалау 2-4 кластарда 7-15 балл, 5-11 –кластарды 7- 20 балды құрайды. Тоқсандық жиынтық бағалау балы спецификацияға сай алынады. Уақытылы, кестеге сәйкес бөлімдер бойынша жиынтық бағалау 1,2,3,4-тоқсандарда жүргізілді. Жиынтық бағалауды жүргізудің мақсаты: оқу тоқсанының соңында пәндік құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін анықтау, одан әрі жұмыс істеу үшін білім алушылармен сараланған және жеке жұмысты ұйымдастыру арқылы білім беріктігіне қол жеткізу жолдары мен құралдарын белгілеу. Оқу жылындағы жиынтық бағалау нәтижелерін талдау көрсеткендей, 2-11 сынып оқушылары бағдарламалық материалды жақсы деңгейде игереді, тиісті пәндік құзыреттіліктер қалыптасады. Бағаланатын кезең үшін kundelik.kz электронды журналы арқылы формативті бағалар мен жиынтық бағалаудың жүргізілуі, жылдық бағалардың шығарылуы қаралды. Жиынтық жұмыстарды жүргізу кестесімен сәйкес келеді.
**14.3 инклюзивті білім берудің** (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» талаптарына сәйкес ПМПК қорытындысы бойынша жалпы білім беретін мектеп бағдарламасы бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай балалардың саны мектебімізде көбейіп келеді. 2023-2024 оқу жылында 6 үйден оқытылатын оқушы; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен мектеп педагогтары апта сайын психологиялық- педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін жеке сабақтар өткізеді. Әр оқушыға психологиялық-педагогикалық карта толтырылады, жеке жұмыс жоспары, мұғалімдерге, ата-аналарға ұсыныстар жасалады.Пән мұғалімдері ерекше қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс істеу үшін папкалар жүргізеді, оларда балаларға арналған сипаттамалар, ПМПК анықтамалары және ұсынымдар бар, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың жеке

көзқарасын талап ететін меңгеру деңгейіне бағытталған, сабақ тақырыбына сәйкес тапсырмалар әзірленеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен сыныптағы қарымқатынасты нығайту бойынша тренингтік сабақтар және ойлауды, зейінді, қиялды дамытуға бағытталған ойын жаттығулары өткізілді. ПМПК қорытындысына сәйкес оқушылар әкімшіліктің бекіткен жылдық жоспарына сәйкес педагог-психолог сабақтарына қатысты . Сабаққа қызығушылықты арттыру мақсатында жұмыс барысында тілдік ойындар, көрнекілік, үлестірме материалдар пайдаланылады. Сонымен қатар, оқушылардың жеке және топтық сабақтарға қатысуын сынып жетекшісі бақылайды. ПМПК қорытындысы бойынша педагог-психологтың түзету- дамыту сабақтарына қатысады. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың жеке оқу жоспары, жеке бағдарламасы Kundelik.kz арқылы пәндер бойынша күнтізбелік –тақырыптық жоспарлары қаралады.
**15.1 тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау** "Ю.Гагарин атындағы орта мектебі " КММ-де Бастауыш, негізгі, орта буындағы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдері сақталады. ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығы және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығы ескеріледі: - бастауыш сыныптарда бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасынмеңгеру-төрт жыл; - 5-9 сыныптарда жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игерумерзімі-бес жыл; - 10-11 сыныптарда жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі-екі жыл. Білім алушылардың сабақ режимі: 1. Оқу жылы бірінші қыркүйектен басталып оқу жоспарына сәйкес аяқталады; 2.Мектеп екі демалыс күнімен бес күндік оқу аптасының кестесі бойынша жұмыс істейді; 3. Сабақтардың тәртібі, сабақтардың ұзақтығы және олардың арасындағы үзілістер сабақ кестесімен және директор бекітетін күн тәртібімен белгіленеді және қамқоршылық кеңесімен келісіледі. Бағаланатын кезеңге оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптардың сақталуын анықтау үшін Kundelik.kz электронды журналдар арқылы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, оқу бағдарламалары қаралды.

**15.2 сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау**. Оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдері ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін,

сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304

бұйрығымен бекітілген..

Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалған:

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы: 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда); 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

1) 2023 - 2024 оқу жылының басталуы - 2023 жылғы 1 қыркүйек; 2) 1 сыныптарда оқу жылының ұзақтығы – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мереке күндеріне түскен сабақтар қайталауға бөлінген сағаттар есебінен оқу бағдарламаларының мазмұнын интеграциялауды ескере отырып, келесі күндерге ауыстырылады; 3) оқу жылы ішіндегі каникулдық кезеңдер: • 1-11 сыныптарда: күзгі–7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы-10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда); * бірінші сынып оқушылары үшін қосымша демалыс-7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында қоса алғанда).

Бағаланатын кезең үшін Kundelik.kz электронды журналы арқылы оқу күндер қаралды

МАД

**9.1.Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің үлгілік оқу жоспарының ( бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі** 2023-2024 оқу жылында «Ю.Гагарин атындағы орта мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныптарының оқу жұмыс жоспарын құруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен толықтырулар) негізге алынды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3-қосымша

| № | *Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалардың іс-әрекеті | Аптасына өткізілу жиілігі | Жалпы жүктеме сағат | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | А | Ә | апталық | жылдық |
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 | 3 | 6 | 198 |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын | | | | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 | 2 | 4 | 132 |
| | Көркем әдебиет | | 2 | 2 | 4 | 132 |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті | күн сайын | | | | |
| | Қазақ тілі | | 2 | 2 | 4 | 132 |
| | Қазақ тілі*** | күн сайын | | | | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 | 3 | 6 | 198 |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет | күн сайын | | | | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 | 3 | 6 | 198 |
| | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | күн сайын | | | | |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | | 2 | 2 | 4 | 132 |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс- | күн сайын | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті | | | | | |
| 6 | Сурет салу | | 1 | 1 | 2 | 66 |
| | Мүсіндеу | | | | | |
| | Жапсыру | | | | | |
| | Құрастыру | | | | | |
| 7 | Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | күн сайын | | | | |
| | Музыка | | 2 | 2 | 4 | 132 |
| | Музыка**** | күн сайын | | | | |
| 8 | Барлығы | | 20 | 20 | 40 | 1320 |

Бағаланатын кезең үшін әзірленген және бекітілген мектепалды сыныбының оқу жұмыс жоспары бар.

**9.2білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру**

Жоғарыда көрсетілген оқу жоспары бойынша мектепалды даярлық сыныптардың перспективтік жоспарлары қаралды. 2021-2022 ж. қағазбен көшірмелері ұсынылды. Ал, 2022-2023, 2023-2024
оқу жылдарының перспективтік жоспарлары Kundelik.kz арқылы қаралды. Талапқа сай деп танылды. Циклограммалар, күн тәртібі жоспарға сай, 130 б. талаптарын орындай отыра жасақталған.

9.3 Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау «Ю.Гагарин атындағы орта мектебі» КММ-де мектепалды 2 сынып бар. 2 сыныпта 40 білім алушы. МАД педагогтері туралы мәлімет

| Педагогтің аты,жөні | Білімі | Біліктілік санаты | Еңбек өтілі | Курстан өткен жылы |
|---|---|---|---|---|
| Бидахметова М.К | арнаулы орта | педагог | 21 | 2018ж |
| Байшуханова А | арнаулы орта | педагог | 1 | |

**9.5 Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау** Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны: Білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытындымамыр айында). Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтің алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалады. МАДС бағаланатын кезеңге ұсынған 2023-2024 оқу жылында балалардың даму деңгейіне барлық топ тәрбиеленушілерінің даму мониторнингісі мен жиынтық есебі бар. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 20-тармағына сәйкес келеді. МАД сыныптардың бастапқы мониторинг құжаттары туралы мәліметтер бар.

9.6 Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру жүргізілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады.2023-2024 оқу жылының 40тәрбиеленушінің біліктері мен дағдыларының даму динамикасы қорытындыланды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1- қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 20-тармағына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарында» көрсетілген талаптарға сәйкес келеді.

**10.1 МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы**
МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы қаралды.

Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар ұсынылды. Өткен оқу жылдары мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарларында және ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінде ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі жазылып көрсетілген. 2023-2024 оқу жылындарында оқу жұмыс жоспарында және ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінде оқу жүктемесі инварианттық бөлігінде 20 сағат, ең жоғары апталық жүктеме көлемі 20 сағатты құраған. Бағаланатын кезең үшін әзірленген және бекітілген мектепалды сыныбы оқу жұмыс жоспарының орындалуын бағалау үшін 2023-2024 оқу жылына Kundelik.kz электронды журналынан қаралды.

**Қорытынды** Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің « Ю.Гагарин атындағы орта мектебі" КММ-нің бағаланатын кезеңдегі барлық бағыттар бойынша қызметін көрсететін бөлімдер бойынша жасалды. Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі аттестаттау комиссиясы педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмысының нәтижелілігіне терең өзіндік талдау жүргізді. Өзін-өзі бағалау материалдарына сараптама жүргізе отырып, "Ю.Гагарнин атындағы орта мектебі" КММ сараптау комиссиясы: 1) оқу - тәрбие процесі мен әдістемелік жұмыс ҚР Білім беру мекемелерінің қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына, мектеп Жарғысына, жергілікті актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Оқу-тәрбие процесі ҚР МЖМБС және оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған. 2) білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің МЖМБС талаптары мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес, оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестесі талапқа сай; 3) инвариантты компонент, вариативті компонент және таңдау бойынша курстардың жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрықтарымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер, вариативті компонент пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады; 4) білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталады және оқу жүктемесінің жалпы көлеміне сәйкес келеді инвариантты

және вариативті болып табылатын білім алушылардың жүктемелері; 5) сыныптарды топтарға бөлу талаптарды ескере отырып, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып сақталады; 6) қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың талаптары сақталады (жиынтық жұмыстардың кестелері бар); 7) педагогикалық ұжым тұрақты. Курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспары бар және іске асырылуда. 8) тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған, білім алушылардың руханиадамгершілік, азаматтықпатриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы іске асырылады; 9) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып бейіндік оқыту іске асырылады. Бейін алдындағы және бейіндік даярлық бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп колледждермен, жоғары оқу орындарымен белсенді ынтымақтасады; 10) вариативтік компонентті таңдау бойынша курстарды іске асыру  сәйкес жүзеге асырылады; 11) " Өмір қауіпсіздігі негіздері" және "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курстарын зерделеу нұсқаулық-әдістемелік хаттарға сәйкес оқу бағдарламалары негізінде жүргізіледі; 12)ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету облыстық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Жаңа буын оқулықтарының түсуі есебінен кітап қорының ұлғаю серпіні байқалады. Оқушылар оқу және энциклопедиялық әдебиеттермен қамтамасыз етілген. 13) білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы орындалады. Медициналық қызмет көрсетуді Мейірбике Г.Қасенова жүзеге асырады, білімі орта арнаулы, мейірбике мамандығы бойынша. 14) білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы орындалады. Мектепте асхана, ыстық тамақ дайындауға қажетті жабдықтары бар, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарынан білім алушылардың мәртебесін құжатпен растаған және жергілікті бюджет есебінен тегін негізде қамқорлыққа алынған білім алушылардың тамақтануы ұйымдастырылған; 15) өзінің оқу-материалдық базасының болуы; 16) сыныптар бойынша оқу мерзіміне, оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының БҒМ бұйрықтарына сәйкес келеді. Өзін- өзі бағалау қорытындысы  2024 жылғы 28 тамыздағы  №1 педагогикалық кеңестің отырысында қарады және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілді.

Пән мұғалімдері:

Пән мұғалімдері оқытудың сапасы мен оқушылардың білім деңгейін көтеру жұмыстарын жандандыру,оқу сапасын арттыру мақсатында оқушылардың әр түрлі қателіктерін болдырмау мақсатында әдістемелің жұмыстарды сауатты құру,қателіктерді болдырмау үшін үнемі оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу,оқуды жалғастыру,логикалықойлауды дамытуға ықпал ететін оқыту әдістемесін тәжірибеге енгізу,мемлекеттік бағдарламада көзделген негізгі курс тақырыптарын мақсатты түрде қайталауға ерекше көңіл бөлу. Біліктілікті арттыру курстарынан мерзімінде өту.

Әкімшілік

Пәндер бойынша төмен нәтижеге жол бермеу мақсатында оқушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру мен өткізуге бақылауды күшейту;

Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру бағытында жұмыстар жүргізу.

Сынып жетекшілері:

Жүйедегі оқушылардың ата-аналарымен тұрақты байланыста болу;

Білім сапасы көрсеткіштерінің төмендеу себептерін талдау;

Оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке жұмыс жүргізу,өз сыныбында оқушылардың қанағаттанарлық және қананғаттанарлықсыз бағалары,себепсіз себептермен сабаққа қатыспауы туралы уақытылы жауап беру